ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 20 (401) 20 мамыр, 2021 жыл

Алтын адам – 4 қазақстандық Тутанхамон

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Биылғы оқу жылында 3,4 млн астам оқушы мектепте білім алса, олардың 150 мыңға жуығы 11 сыныпты аяқтап, мектеппен қоштасады. Соңғы қоңырау 9 және 11 сынып түлектері үшін әдеттегідей 25 мамыр күні соғылады. Карантин талаптары қатаң сақталуы шарт. Бірақ оны өткізу форматын әр мектеп өзі қабылдайды. Салтанатты жиын мектеп аумағында таза ауада ұйымдастырылады. Мектеп бітіруші түлектерге «Тәуелсіздік ұландары» тақырыбымен жылдағыдай 12 маусым күні аттестат тапсырылады. Оған түлектер мектеп формасымен қатысуға міндеттеледі.

ҰБТ 8 137 ҰПАЙ ҚОРЖЫНДА

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

– Соңғы қоңырау іс-шарасы мектеп ауласында, қарапайым түрде өтеді. Оны өткізу барысында әлеуметтік арақашықтық 1,5-2 метр аралығы сақталады. Оған қоса оқушылардың барлығы медициналық маскамен келуге тиіс. Әр сынып оқушыларының шарасы бөлек жүргізіледі. Егер мектепте 2-3 сынып немесе оданда көп болған жағдайда кезекпен өткізіледі, – деді Ақзира Бақтыбайқызы.

Қорытынды аттестаттау аяқталған соң 12-14 маусым аралығында мектеп түлектері үшін ашық алаңда мектеп бітіру кештері ұйымдастырылады. Салтанатты іс-шара барысында орта білім туралы аттестаттар табыс етіледі. Оқушылар саны аз мектептер бітіру кешін барлық сынып үшін бір уақытта өткізе алады. Егер мектептегі түлектер саны көп болса, салтанатты шараны әртүрлі күнде өткізу ұсынылады.

Биылғы оқу жылында "Алтын белгіге" 9 822 оқу озаты үміткер. Жаңа ережеге сәйкес, "Алтын белгі" төсбелгісіне үміткерлердің емтихан жұмысын білім басқармасы жанындағы комиссия қарайды. Мектептер бұрынғыдай оқу озаттарының тізімін өздері жасай алмайды. Комиссия емтихан жұмысын тексергеннен кейін нәтижесін білім беру ұйымдарына жіберіп, мектеп директорының бұйрығымен төсбелгі иегерлерінің тізімін бекітеді.

– Бұрын мектеп пен білім бөлімдері үміткерлердің жұмысын өздері тексеріп, "Алтын белгіні" тапсыру туралы шешім қабылдайтын. Ал қазір кеңестік кезеңдегідей, емтихан жұмысын облыстық немесе республикалық маңызы бар қаланың білім басқармасы жанындағы комиссия тексереді. Комиссия құрамына білікті, тәжірибелі пән мұғалімдері кіреді. Осыдан кейін ғана мектеп үздік оқушылардың тізімін бекітеді, – деді БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрайымы Майра Мелдебекова.

Карантин талабы жеңілдегенмен, оқушылардың мектеп бітіру кешін үйде, жалдамалы үйде, кафе-ресторанда өткізуіне және кортежге шығуына рұқсат етілмейді. Сондай-ақ педагогтарға сыйлық алуға, оқушылар мен ата-аналардан қаржы жинауға тыйым салынады. Жалпы «Соңғы қоңырау» мен «Аттестат тапсыру» кешіне мектеп бітірушілер мектеп формасымен қатысады.

Сондай-ақ биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі, ҰБТ толығымен онлайн форматта 6 мамыр мен 30 маусым аралығында өтеді. Ол үшін арнайы 4 тестілеу орталығы жабдықталған. Бұл форматтың тағы бір артықшылығы, ҰБТ нәтижелерін тестілеу аяқталғаннан кейін бірден білуге болады. Жиналған ұпай саны экранға шығарылады. Сондай-ақ ҰБТ қатысушысы қате жауап берген сұрақтарды көре алады. ҰБТ қорытындыларымен келіспеген жағдайда талапкер келесі күнді күтпей-ақ бірден апелляцияға өтініш бере алады.

Қызылорда облысы бойынша әзірге ҰБТ-дан №136 мектептің 11 сынып оқушысы Дильназ Алматқызы алғашында 137 ұпай жинап, тестілеудің екі сынына да қатысып, 137 ұпай еншіледі. Талапкер бейіндік пәні ретінде физика-математика бағыты бойынша мұғалім болғысы келеді.

– Ұстаз болуды жаныма жақын тұтамын. Білген біліміңді балаларға үйрету деген керемет сөт, ерекше жұмыс деп ойлаймын. Болашақта физика пәнінің мұғалімі боламын. Биылғы ұлттық тест әр түлекке ерекше мүмкіндік сыйлап отыр. Сонымен бірге сынақ әділ әрі ерекше өтті. Ойлаған армандарым, алға қойған мақсаттарым жетерлік, алға қарай нық қадам басып, барлығына да қол жеткіземін сенемін, – деді Дильназ Алматқызы.

ҰБТ-ның аяқталуына 10 күн қалды. Болашағынан үміт күткізер таланттардың саны артатынына сенімімі мол.

Baspasózge jazylý – 2021

6 айға – 2000 теңге
Газет индексі – 65425

40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады.

ЕРТЕҢ – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Анаш ХАМИД, мәдени шаралар және халықтың бос уақытын тиімді өткізу жөніндегі қызметті ұйымдастыру бөлімінің әдіскері:

МӘДЕНИЕТ – БАРЛЫҚ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТІҢ ЖИЫНТЫҒЫ

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

– Анаш, қазір халықтың бос уақытын тиімді өткізуде қандай шаралар ұйымдастырылуда? Әңгімемізді орталық жұмысынан бастасақ..

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл басында жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында еліміздің ең маңызды мерекесін жоғары деңгейде атап өту туралы айтылды. Бұл тұрғыда бүкіл қазақ елі, соның ішінде Қызылорда қаласында ауқымды шаралар мен түрлі жобалар өткізу жоспарлануда. Яғни, барлық шара атаулы мерейтой аясында өтетін болады. Жалпы, жылдық жоспарымызда халықтың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру жөнінде көптеген іс-шара бар. Алайда қазір әлемді аландатқан эпидемиологиялық ахуалға байланысты мәдениет үйі онлайн режимде жұмыс істейді. Әлеуметтік желідегі парақшамызда түрлі айдарлар ашылып, халыққа өз деңгейінде мәдени-рухани азық сыйлап келеміз.

– Ал өзіңіз бұл салаға қалай келдіңіз?

– Жалпы, мәдениет саласы маған алыс емес. Осы ретте, бір қызық оқиғамен бөліскім келіп отыр. Анамның тікелей қалауымен, бұйрығымен десе де болады, физика-математика бағытын таңдауым қажет болды. Бірақ жүрек қалауым басқа болған соң шығар, әйтеуір грантқа балым жетпей қалды. Жасымнан бірбеткей боп өскен соң, ақылы оқыймын деген шешіммен, өмірімде бірінші рет анамның рұқсатынсыз Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясына барып, «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің сәндік өнер мамандығына оқуға түстім. Академия қабырғасында жүргендеақ, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, түрлі көрмелерде суреттерім қойылып, студенттік кезеңді өте қызықты өткіздім. 2018 жылы А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйіне алғаш рет жастар тәжірибесі бағдарламасымен келіп, біліктілігім мен білімімнің арқасында маман болып қалыптастым.

– Халықтың мәдениеттілігі немен өлшенеді? Мәдениетті тек тәртіппен бағалауға бола ма?

– Адам мәдениеттілігінің деңгейі оның отбасында балаларына берген тәрбиесі, мейір-шапағатымен өлшенуі тиіс. Мәдениеттіліктің шегі не қалыбы болмайды. Ол адамға отбасындағы тәрбие, білім, өскен ортасы арқылы беріледі. Ұлы Абай отыз сегізінші қара сөзінде: «Қашан баланың ғылым-білімге махаббаты оянғанда ол адам бола бастайды, оның адам болмағына уш нәрсе себеп: жақсы ата-ана, жақсы ұстаз, жақсы құрбы-құрдас» дейді. Осыдан-ақ тұлғада алғашқы негіз болмай, мәдениеттің қалыптасып, дамуы мүмкін емесін түсінеміз. Әдептілік, мәдениет – барлық жақсы қасиеттердің жиынтығы, ол бойға біртіндеп сіңеді. Сондықтан әр адам өзін-өзі тәрбиелеуі тиіс. Шынайы мәдениет ең алдымен өз халқының қадір-қасиетін жете ұғынудан қалыптасады деп ойлаймын.

Лұқпан Хакімнен біреу: «Осынша әдептілікті қайдан үйрендің?» деп сұрағанда ол: «Әдепсіздерден үйрендім. Олар істеген қылықты қайталамауға тырыстым» деп жауап беріпті. Әдептіліктің басты шарты – іші-сыртың, мінез-құлқың, іс-әрекетің бәрі бірдей сыпайы, орнықты, ойлы, мазмұнды және барлық жағынан үйлесімді болу қажет деп ойлаймын. Ал адамдар қатаң тәртіппен ғана мәдениетті болады деу қиын...

– Қалалық мәдениет бөлімінің тындырымды жұмыстарын көз көріп жүр. Жалпы мәдениет, өнер саласының мамандарына мемлекет тарапынан қаншалықты көңіл бөлінген?

– Қазір қала мәдениеті өз деңгейінде жоғары нотада елге қызмет етіп, мәдени-рухани азық сыйлап келеді. Оның бәрі мемлекет қолдауын жүйелі түрде үйлестіріп отырған қала басшылығының мәдениет саласына деген оң ықыласынан деп біледі. Атап айтар болсақ, заманауи үлгіде дыбыс жазу студиясы, дыбыс күшейткіш аппаратурасы, фольклорлық, вокалды аспапты ансамбльдер мен би топтары, көркемөнерпаздар үйірмелеріне инструменттер, сахналық киімдер тігіліп барынша қолдау көрсетіліп келеді. Ал, қаланың шығармашыл жастарын біріктірген Жастар театры көркемдік деңгейі жоғары спектакльдер ұсынып, өз көрерменін тауып үлгерді. Осы ретте, өнерді ұрметтеп, мәдениетті өркендету – баршамыздың ортақ мақсатымыз екенін айта кеткен жөн.

Елдің рухани дамуы мен кемелденуі мәдениеттің қарқынды дамуымен ұштасып, ұлттық өнердің қанат жайып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына себепкер болып жүрген мәдениет қызметкерлерінің еңбегі орасан. Тынымсыз еңбектің нәтижесі шығар, жыл басында бірқатар мәдениет қызметкерлері қызметтік пәтер кілтін алып, қоныс той болғанын қуаныпшпен айтқым келеді. Сондай-ақ А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған белгілі ақын Мамыр Байдәулетов жетекшілік ететін «Қауырсын» жас ақындар үйірмесінің белді мүшесі Піржан Сандыбайдың «Буыршын белес» атты тырнақалды жыр жинағы ақылы қызмет есебінен жарық көрді. Осындай үлкен қолдауларды сезінген біз секілді мәдениет қызметкерлері алдағы уақытта да халыққа сапалы қызмет ұсына береді.

– Жастар қала мәдениетінің дамуына қандай үлес қоса алады?

– Бұл бағытта жастардың үлесі зор. Өйткені қай кезде де қоғамның қозғаушы күші – жастар. Кешегі Мағжан ақын «Мен жастарға сенемін!» деп үміт артып, Елбасы Н.Назарбаевтың «Еліміздің болашағы – жастардың қолында» деуінің өзі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Осындай жауапты міндетті сезінген біз секілді жастар қала мәдениетінің, еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянып қалмасымыз анық.

«Е-ӨТІНІШ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен «е-Өтініш» ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жиын өтті. Отырысқа ҚР Президентінің көмекшісі – ҚР Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі Тамара Дуйсенова бастаған жұмысшы топ және жергілікті атқарушы органдардың басшылары қатысты. Жұмысшы топтың құрамында жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдардың – Цифрлық даму, инновация және азғырғыш өнеркәсібі, Юстиция министрліктерінің, Бас прокуратураның және басқа да мекемелердің өкілдері болды.

Аймақ басшысы «е-Өтініш» ақпараттық жүйесін енгізудің өзектілігі мен маңыздылығына тоқталды.

– Өңіріміздің тұжырымдаманы іске асыру жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының базасында, қала мен аудан орталықтарында және ауылдық округтерде «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі енгізіліп, дамыту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ 2021 жылғы 1 шілдедеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енеді. Бұл бағытта да мемлекеттік органдар мен азаматтарға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Жиында ҚР Президентінің көмекшісі – ҚР Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі Тамара Дуйсенова «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі мен Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің жұмысын кеңінен түсіндірді. Президент 2020 жылы 29 маусымда қол қойған ҚР Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекс биылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді (ӘРПК). Жаңа Кодекс – Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан Халқына Жолдауында айтылған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» Концепциясының іргелі нормативтік құжаты.

ӘРПК мемлекеттік органдардың өтініш берушілермен жұмыс парадигмасын түбегейлі өзгертеді, атап айтқанда:

Өтініш беруші «е-Өтініш» біртұтас ақпараттық жүйесі арқылы өз өтінішінің мемлекеттік органдарда қаралу барысын көріп отыруға мүмкіндік алады. Өтініш беруші дәлелдер келтіру және оларды зерделеуге қатысу және түсініктеме беру, қажетті құжаттарды ұсыну құқығына ие болады. Өтініш беруші мемлекеттік органнан алған жауабына қанағаттанбаса, оның жоғары сатыда тұрған органға шағым келтіруге, одан кейін шешім қабылдаған мемлекеттік органды талап арызбен сотқа беруге құқығы бар.

Азаматтар мен бизнес өкілдерінің талап арызын арнайы әкімшілік соттар мемлекеттік органдардың «кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша қарайтын болады. Яғни өтініш беруші емес, мемлекеттік орган өзі қабылдаған шешімінің немесе берген жауабының дұрыстығын дәлелдеп, негіздейді.

ШАХМАТ ТУРНИРІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен Достық үйінде шахмат турнирінің ашылу салтанаты болды.

Тарихи астана атанған Қызылорда, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларының шахматтан білім беру және зияткерлік турнирінің ашылу салтанатына «Западный поток» жобасы қамқорлық кеңесінің төрағасы Жомарт Көшербаев, облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директоры Бауыржан Мәстеков, Азия және Әлем чемпионы Әсел Серікбай қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Западный поток» жобасы аясындағы турнирдің мақсаты – мектеп оқушылары арасында бұқаралық спортты дамыту, саламатты өмір салтын насихаттау, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Үш күндік шахмат турнирине өңірлердегі мектеп және этномәдени бірлестіктің оқушылары қатысты. Барлығы 10 команда болса, әр топта – 4 оқушыдан. Жүлделі жеңімпаз команда «Достық – 2021» турнирінің кубогімен марапатталады деп күтілуде.

Айта кету керек, бұқаралық спортты дамытуда білім саласына мемлекеттік емес ұйымдар да әріптес ретінде атсалысып, мемлекет саясатын жүзеге асыруда бірлесе жұмыс атқарып келеді. Бұл тұрғыда Қазақстан халқы ассамблеясының және Ішкі Істер министрлігінің «Динамо» денешынықтыру спорт қоғамы орталық кеңесі де елеулі үлес қосып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тарапынан жас ұрпақтың тұрақты дамуының негізі ретінде ұсынылған аспектілерді басты назарға ала отырып, Қызылорда облыстық білім басқармасымен аталған мекемелер арасында «Западный поток» оқу-зияткерлік жобасы қолға алынып, өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беруде үлкен жұмыстар атқаруда.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығының, "Төретам жастары" ЖҚБ және "Қызылорда облысы жастарының одақтары" ЖҚБ-ның ұйымдастыруымен "Отбасы құндылығын насихаттау" және "Жастар арасындағы құқық бұзушылық" тақырыбында кездесулер өтті.

Аталған кездесулерге аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қ.Ерманов, Дін мәселелерін зерттеу орталығының аудандық бөлімшесінің теолог маманы Ж.Сқақов, аудандық жастар денсаулық орталығының мамандары және психологы А.Кетебаева, колледж студенттері қатысты.

Шарада мамандар тарапынан отбасының құндылығы насихатталып, жастар арасында құқық бұзушылықты болдырмау мәселелері айтылды.

Биыл облыстық жастар орталығынан NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау бөлімі қайта жасақталып, қала және аудандық орталықтарда бір маманнан бекітілді. NEET санатындағылар оқу үдерісіне ғана емес, еңбекке де араласпайтынын ескерсек, онда оларды жұмыссыздар деп ашық айтуға негіз бар. Осы ретте, алдағы атқарылатын жұмыстарды жүйелеу және түйткілді мәселелерді анықтау барысында мамандар кездесу ұйымдастырды.

ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАР

Қазалы аудандық жастар ресурстық орталығы КММ, Jas Otan жастар қанатының бөлім басшысы және аудандық полиция бөлімінің көмелетке толмағандар ісі мен жергілікті полиция қызметі инспекторлары және бірлесе түнгі рейдтік шаралар жүргізуде.

Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу, түнгі уақыттарда ата-анасынсыз үй-жайынан тыс жерлерде – компьютерлік ойынханалар мен мейрамханаларда болуларына тыйым салу, бала тәрбиесіне немқұрайлылық танытатын ата-аналарды анықтап, тиісті шаралар көру, карантиндік режим уақытында қауіпсіздік және санитарлық талаптарды сақтауға дағдыландыру мақсатында ұйымдастырылуда.

Арнайы ұйымдастырылған профилактика барысында жеке кәсіпкерлерге түнгі 22:00-ден кейін кәмелетке толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз кіргізбеу, оларға мүлдем темекі бұйымдары мен спиртті ішімдіктерді сатуға болмайтыны жайында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Рейд жүргізілген 2 күн ішінде кәмелетке жасы толмағандар мен олардың ата-анасына қатысты бірқатар заң бұзушылықтар анықталған. Бала тәрбиесіне салғырт қарайтын тұрмысы нашар отбасыларға, бұзақылық жасаған 5 жасөспірім инспекторлардың арнайы есебіне алынды.

Рейд шаралары аясында үювеналды полиция қызметкерлері ішкі істер бөлімінде арнайы есепке алынған отбасыларын аралап, бақылау жұмыстарын жүргізді. Мұндағы негізгі мақсат – жеткіншектер арасында жиі орын алатын қылмыс пен заң бұзушылықтың алдын алып, кездесетін қиындықтарды дұрыс шешуге тәрбиелеу.

Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ

ЖАС ОТАУДЫҢ ШЫМЫЛДЫҒЫ

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай жастар орталығы жанынан «Жас отау» отбасылар клубының ашылу рәсімі (барлық карантиндік талаптарды сақтай отырып) өтті. Шара қонағы отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Райкүл Мансұрқызы және облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Каримова ашылу салтанатының тұсауын кесті.

Мақсат – отбасы құндылықтарын дәріптеу, іргетасы берік жарасымды отбасын қалыптастыру, алдағы өмірге даярлау, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, екі мен келін арасындағы тату-тәтті қарым-қатынастың сырларымен бөлісуге шақыру.

Шара аясында отбасын құрғалы отырған жас жұбайлардың некесі қиылып, АХАЖ қызметкері Туғанбаева Раушан Сарсенбаевна неке қуәлігін табыстады. Орталық директоры Азамат Мукеевтің құттықтауы мен сыйсияпаты берілді.

СПОРТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ

Nur Otan партиясы Қазалы аудандық филиалында, Республикалық ұлттық мектеп лигасында «ұшқыр доп» жеңімпазы атанған Ғ.Мұратбаев атындағы №91 мектеп оқушыларымен кездесу өтті.

Nur Otan партиясы Қазалы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Жалғасбаев, Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің директоры А.Дәрібаев және Jas Otan Жастар қанаты Қазалы аудандық филиалының басшысы Н.Ақпанбетов жарыс жеңімпаздарын құттықтап, алғыс хат табыстады.

Мектеп командасын жарысқа жоғары дәрежеде дайындағаны үшін жетекшісі Д.Бақытбергеновке және жарыс жеңімпаздарына алдағы уақыттарда сәттілік тіленіп, спорттың биік шыңдарынан көріне беруіне тілек білдірді.

JAIDARMAN FINAL

Облыстық жастар ресурстық орталығы және Қызылорда Жайдарман орталығы бірлесіп, Сыр үміті қауымдастығының қолдауымен облыстық жайдарман ойындарының финалдық кезеңін өткізді.

Өңіріміздің намысын республикада қорғап жүрген командаларымен қатар жоғары және орта арнаулы оқу орындары мен мектеп оқушылары қатысқан тартысты сайыс үш кезең бойынша (арнайы жоба, кіші және үлкен кубок) чемпион 187 IT мектеп-лицейінің "Эксклюзив" командасы, II орын Қызылорда жастар құрамасы, III орын Жаңақорған ауданы, Кейден ауылы "Тәтті қыздар" командасы иеленді.

Сайыстар алдағы уақытта жергілікті "QYZYLORDA" телеарнасы арқылы көрсетілетін болады.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

ҚОЛДАУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Nur Otan партиясы Қармақшы аудандық филиалы жанындағы жастарды қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Кеңес отырысында «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қармақшы ауданы бойынша Жол картасы индикаторларының орындалуы бойынша барлық бөлім, мекеме басшылары, кент, ауылдық округ әкімдерінің хабарламалары тыңдалып, алдағы атқарылатын жұмыстары сараланды.

420 БАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ

Облыста оқушылардың тәртібін бақылау және қауіпсіздігін арттыру мақсатында «Мектептерде бұлтты бейнебақылау» пилоттық жобасы іске асырылуда. Бүгінде Қызылорда қаласындағы 14 мектепке 420 бақылау камерасы орнатылды. Оны мектеп әкімшілігі және ішкі істер департаменті бақылай алады.

– Әлем елдері арасын жақындату, ақпарат алмасу және жан-жақты коммуникация орнату жолында теле, радио, пошта қызметтері мен жедел қарқынмен дамып келе жатқан интернет желілері адам өмірінің ажырамас қажеттілігіне, үлкен көмекшісіне, еліміздің стратегиялық маңызды саласына айналған.Үздіксіз коммуникацияны қамтамасыз ету – күнделікті қиын жұмыс, озық жабдықтар мен заманауи технологияларды қолдана отырып, жаңа жобалармен үнемі жұмыс жасау оңай емес екенін біз жақсы білеміз. Сіздерді байланыс және ақпараттандыру қызметкерлері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазыбекова.

Цифрлық теңсіздікті жою мақсатында 2020 жылы «Қазақтелеком» «талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша ауылдық елді мекендерді кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» ауқымды жобасын іске асырды. Қызылорда облысында осы жоба аясында 14 ауылдық елді мекенде 52 мемлекеттік мекеме жоғары жылдамдықты интернетке қосылды.

– Ауыл тұрғындарын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы өкімдігімен бірлесіп, Жайылма кентінің тұрғындары үшін көп нүктелі технология бойынша трафикті сымсыз беру үшін радиомост ұйымдастырылды. Радиомост технологиясы бойынша сымсыз байланыс Арал ауданының Тоқабай ауылында және Қазалы ауданының Шәкен ауылында ұйымдастырылды. Бұл ауылдардағы ондаған үйлер жоғары жылдамдықты интернетке қосылды, – деді «Қазақтелеком» оңтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясы Қызылорда қаласы корпоративтік сату орталығының директоры Ержан Наурызбаев.

Елімізде «Ashyq» жобасы қолданысқа енгелі кәсіпкерлер карантинге қарамастан жұмыс жасау мүмкіндігіне ие. Аталған жоба республикамызда пилоттық түрде жүзеге асырылып жатыр. Ал жобаға қатысуға ниетті кәсіпкерлер «info.kazakhstan» сайты арқылы өтініш бере алады. Сонан соң, оларға арнайы QR код беріледі. Сәйкесінше әр кәсіпкерлік нысанның кіреберісіне QR код жүйесі орнатылады. Нысанға келуші мобильді қосымшаны алдымен телефонға жүктеп, тіркеледі. Кейін QR-кодты сканерлеп, ЖСН нөмірін енгізеді. Сол кезде 4 түстің біреуі жанып, сіздің нысанға кіруге құқығыздың баржоғын тексереді. Жалпы бұл қосымшаның қоғамдық орындағы қауіпсіздіктің алдын алуға септігі мол. Бұдан бөлек жобаның артықшылығы жайында Қызылорда облысы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Гүлнұр Құрмантаевамен сұхбаттасқан едік.

«ASHYQ» ЖОБАСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

– Өз статусымызды нысанға бармай, үйде отырып қашықтан тексеруге бола ма? Қосымшаны пайдаланушылар саны қанша?

– Әрине болады. Ол үшін http://ashyq.kz/ сайтынан қашықтан тексеруге болады. Статусты тексеру үшін қосымшаны жүктеп алу қажет. Осы ретте сайтта орналасқан QR бейтарап болады, яғни қод ешқандай бизнес нысанына жатпайды. Республика көлемінде орта есеппен тәулігіне 3 мыңнан астам азамат осы сервисті пайдалануда. Күніне қашықтан 80-130 азаматтан «қызыл» статус анықталуда. Qr-код бизнес субъектілеріне ғана беріледі Қазір аймақта «Ashyq» жобасы бойынша 66 кәсіпкерлік нысан жұмыс жасауда. Ол субъект атауы, оның орналасқан жері және басқа да сайкестендіру дерегін көрсетумен электронды идентификаторды білдіреді. 1 нысанға кіреберісте және шыға берісте ең кемі 2 qr-код беріледі. Егер нысанда бірнеше кіріп-шығу жолы болса, онда әр кіреберіске жеке qr-код беріледі.

– Өте жоғары көрсеткіш екен. Қосымшада вакцина алған адамдар қалай анықталады?

– Вакцина алғандар туралы деректер қосымшада көрінбейді. Қазір «Ashyq» жобасын вакциналау паспортымен біріктіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жүйені интеграциялаған соң, вакцина алған азаматтарға қосымшада «жасыл» статус белгіленеді. Сонымен қатар COVID-19-ке ПТР-тестілеуі (72 сағат) теріс шыққан адамдарда «жасыл» статус болады. «Көк» статус ПТР тестілеуі жоқ және науқас адамдармен байланыста болмаған адамдарға беріледі. Қосымшаның қалған әдістемесі өзгеріссіз.

> ∵ «Қызыл» түс егер адам ПТР-тестін тапсырып, оң нәтиже шыққа беріледі. Осы статустың иесіне үйде оқшаулану режимін қатаң ұстану керек.
>
> ∵ «Сары» түс науқас адаммен байланыста болған адамға беріледі. Оларға азық-түлік немесе үй жанындағы дәріханаға баруға рұқсат етіледі. Бірақ басқа нысандарға баруға тыйым салынады.
>
> ∵ «Көк» түс ПТР-тестілеу тапсыру міндетті орындардан (мысалы, әуежай) басқа барлық жерге баруға рұқсат.
>
> ∵ «Жасыл» түс – жүріп-тұруға толығымен рұқсат беріледі. Qr-код бизнес субъектісіне ғана беріледі. Ол субъект атауы, оның орналасқан жері және басқа да сәйкестендіру дерегін көрсетумен электронды идентификаторды білдіреді.

– Жалпы нысандарға «Ashyq» қосымшасы арқылы ғана кіру азаматтардың құқын шектемей ме?

– Азаматтардың конституциялық құқығы бұзылмайды, өйткені «Ashyq» жобасына бизнес субъектілері ерікті түрде қосылуда. «Ashyq» жобасына қатысушы бизнес иесі келушілер статусын тексеру жауап-кершілігін өзіне алады. Бүгінде нысанға кірерде республика бойынша «қызыл» статусты 1236 адам және «сары» статусы бар 541 адам анықталған.

Келушілердің статусын тексеру келушілердің өзіне пайдалы емес пе?! Өйткені «Ashyq» жобасын іске қосқан нысанға барған адам вирусты жұқтырамын деген ойдан аулақ болады. Сондай-ақ вирусты жұқтырған азаматтарды анықтауға мүмкіндік беретін қосымшаның қосымша функциясы арқылы жобаға қатысушы кәсіпкерлер басқа кәсіпкермен салыстырғанда жұмыс кестесін ұзарту тұрғысынан жеңілдік ала алады.

– «Көк» статус деген не, ПТР-тестілеуді мүлде тапсырмаған адамдар үшін қоғамдық орындарға баруға жол ашатын «көк» статустың берілуі қоғам үшін қауіпті емес пе?

– «Көк» статус бейтарап белгі, демек мұндай статусы бар адамдар ҚР ДСМ базасында ПТР-тестілеуі оң науқастар қатарында жоқ және науқас адаммен байланыста болмаған. Келуші статусының өзгеруі ҚР ДСМ деректер базасындағы ақпаратқа байланысты. Ал «жасыл» статус келушінің деректер базасында ПТР тестілеуі теріс шыққан азамат ретінде тіркелгенін білдіреді. «Жасыл» статус 72-сағатқа ғана сақталады да, ары қарай «көк» статусқа өзгереді.

– Қосымшада азаматтардың жеке деректері сақталған. Оның қауіпсіздігін кім бақылайды?

– Қазіргі таңда «Ashyq» жобасы «Электронды үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторы болып табылатын «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ серверінде қорғалған контурда орналасқан. Қауіпсіздік жағынан еш алаңдамауға болады.

– Жақында «Ashyq» жобасын AppStore арқылы жүктеуде техникалық олқылықтар болды. Мұның себебі неде?

– AppStore есептік саясатының өзгеруіне байланысты қосымшаны 5 мамырдан бастап жүктеп алу уақытша тоқтатылды. Өз кезегінде осы күнге дейін мобильді қосымшаны AppStore арқылы жүктеп алған азаматтар қосымшаны қолдана береді. Ал жаңа қолданушылар нысанға бизнес субъектісінде орнатылған «күзетші режимі» арқылы кірген. Қазір олқылықтар жойылды. Қосымша барлығына қолжетімді.

– Жобаға қатысушылар арасында сынақ режимі белгіленген. Қатысушылар мен сынақ-қатысушылар арасында қандай айырмашылық бар?

– Бизнес субъектілері QR-кодын алғаннан бастап алғашқы 7 күн сынақ режиминде жұмыс істеуге құқылы, яғни процестерді реттеп, қызметкерлерді оқытады. Сынақ режиминде жұмыс істеп жатқан ұйымдарға «Ashyq» жобасы аясында қарастырылған барлық жеңілдік беріледі. Тестілеу кезеңінде бақылау топтары қатысушыға қатысты ескерту жасай алады, бірақ оларды жобадан шығармайды. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін, егер мониторинг тобы жобаға қатысу талабының бұзылғанын анықтаса, кәсіпкерлік субъектісі 2 аптаға жобадан шығарылуы мүмкін.

– «Ashyq» жобасына қатысатын және қатыспайтын ШОБ нысандарының жұмыс кестесінде айырмашылық бола ма?

– Қосымшаның індетке шалдыққан адамдарды анықтауға мүмкіндік беретін қосымша функциясы арқылы жобаға қатысушылар басқа бизнес субъектілеріне қарағанда жұмыс кестесі бойынша бірқатар жеңілдікке ие. Мысалы, «қызыл» аймақта бильярд, компьютер клубы, боулинг, караоке, көрмелер жұмысына тыйым салынған. Бірақ осы салада Ashyq жобасымен жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлер жекелеген шектеулермен жұмыс істеуге рұқсат алады. Шектеулер және жеңілдіктер тізімі Бас мемлекеттік санитар дәрігердің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №18 қаулысымен анықталған.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Айгүл ӘЛІШЕРОВА

ЖАҢАҚОРҒАН ЖАСТАРЫ ЖАРАДЫ!

"Жаңарған Жаңақорған жастары" қоғамдық қорының белсенділері ұйымдасып, жыл сайын баспанаға аса мұқтаж отбасыларға баспана кілтін табыстауды дәстүрге айналдырған.

Биыл қасиетті Рамазан айында белсенді жастар бір жұдырықтай бірігіп, баспана құрылысын жүргізді. Көптің қолдауымен 30 күн ішінде тұрғын үй құрылысы аяқталып, баспана кілті мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиелеп отырған Жаңақорған кентіндегі жалғызбасты анаға бұйырды. Баспана кілтін табыстауға аудан әкімі Руслан Рүстемұлы да қатысып, ізгілікті іс жасаған ерікті жастарға алғысын білдірді. "Жастардың қоғамға деген қамқорлығы әркімді де қуантары сөзсіз. Бұл – жастар бірлігі мен тату тірлігінің айқын көрінісі. Осындай озық және ортақ істе әрқайсыңыздың үлестеріңіз мол. Елдің әлеуметтік жағдайына жанашырлық таныту – азаматтық парыз. Рахымы мол Рамазан айында қайырымды істеріңізбен белсенділік танытқандарыңыз үшін сіздерге алғыс білдіремін. Ұйымшыл жандардың ортасына айналған «Жаңарған Жаңақорған жастары» еріктілер тобы мәдени-рухани кемелденуімізге аянбай қызмет ете береді деген сенімдемін. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін. Халықаралық отбасы күніне тұспа тұс келіп, баспаналы болған отбасының қоныс тойы құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, ауызбіршілігіміз арта берсін!" – деген тілегін жеткізді.

Бұл жаңақорғандықтардың алғашқы да, соңғы қайырымдылық жұмысы емес. Асар әдісін тиімді пайдаланған жастар жетінші отбасыны баспанамен қамту жұмыстарын бастап кетті. Ол кісінің өзінің жері бар, соған баспана көтеруді жоспарлап отыр. Негізінде бір қызды еміне 5 миллион қаржы жиналған. Сондықтан тұрғындарға әзір ауыртпалық салуды жөнсіз деп санап отыр. Жаңақорғанда қамаз жүргізушілер қауымы бар. Солардың уатсаптағы тобына дайындаған видеороликті жіберген, есесіне ойламаған жерден жұмысты бастап кетті. Есік алдын тазалауға 5 қамаз тас, фундамент құюға екі қамаз тас түсіріп кетті. Оны да биыл болмаса келер жылы табыстайды деген үміт бар. Бұған "Жаңарған Жаңақорған жастары" қоғамдық қорының мүшесі Самат Әбдіш кеңінен тоқталды.

"Баспанаға мұқтаж отбасыларды баспанамен қамту жұмыстарын Рамазан айында жүргіземіз. Ол уақыт аралығында дайындық жұмыстары басталды. Әркім өзінің қолынан келетін жұмыстарды бөліп алады. Мәселен, фундамент құюды, терезе салуды, есік пен шатыр салу жұмыстарын кәсіпкерлер, қолынан іс келетіндер жасайды. Ал қайырымдылыққа түскен қаржы құрылысшылардың жұмысына кетеді. Бұл – біздің алтыншы баспанамыз. Төрт баспананы ауыл тұрғындарымен, кәсіпкерлердің көмегімен салдық. Екі баспананы жиналған қаржыға сатып алдық. Көбіне жұмыстар материалдық тұрғыда жүзеге асады. "Жаңарған Жаңақорған жастары" қоғамдық қорында 200-ге тарта мүше бар. Оның ішінде әр саладан қамтылған 12 кеңес мүшесі бар. Мәселен, зәңгер, мұғалім деген секілді әр саланы қамтиды. Осы құраммен Рамазан айының аяқталуына екі апта уақыт қалғанда тұрмысы төмен, баспанаға мұқтаж деген отбасылардың барлығының үйін аралап шықтық. Олардың ағайындарымен де сөйлестік. Көмектесуге ешқандай мүмкіндіктері жоқ па соны білдік. "Неге ол отбасына берілді" деп қарсылық танытып жатқандарға жалпылама түсіндіреміз. Жағдайды баяндаймыз. Бұл отбасын таңдаудың да өзіндік себептері бар. Әсем Бұхарбаеваның үйіне түсіп тұрған табыс көзі жоқ. Қызы мүгедек соған берілетін жәрдемақыдан басқа бұл отбасында күнелтетін ештеңе жоқ. Оның үстіне ұлының құлағы 1-2 жыл бұрын естімей, дәрігерден дәрігер жағалап жүрген жайы бар. Өзінің пәтер жағалап келгеніне жылдар болды. Тұрақты жұмысы жоқ, қызына қарайтын адам да жоқ. Сондықтан біреудің ыдысын жуып, үйін тазалап беру сынды қосымша жұмыстармен айналысып келген. Бұл отбасы "менің тұрмысым төмен, маған қайырымдылық көмек көрсетсеңіздер" деп алақан займайды. Бір ерекшелігі, өзі де қайырымдылықпен айналысқанды құп көреді. Ешкімге білдірмей артық нәрсесін өзгеге береді. Мәселен, "тұрмысы төмен отбасы" деп азық-түлік әкелсеңіз, өзіне керегін алып қалады да, артылғанын өзге тұрмысы төмен отбасыға табыстайды. Сосын науқас баланы көрсе, еміне деп қолында бар қаржысын аударып жібереді екен. Мұның өзі тұрмысы төмен отбасы үшін үлкен сауапты іс емес пе?! Әсем Бұхарбаеваның отбасын 5 жылдан бері бақылап келемін. Бұған дейін азық-түлікпен қамтамасыз етіп келдік. Екі-үш күн дегенде баспана сыйлауға әрең көндірдік. Қадір түнінде қызы екеуі Алладан баспаналы болуды сұрапты. Ертесі күні біздің қор азық-түлік апарыпты. Сол сәтте бір жақсылықтың нышаны байқалғандай болыпты, – дейді Самат.

Баспана салуда үлкен көмек көрсетіп, басы-қасында жүрген жастың бірі – Данияр Досантаев. Ол – кәсіпкер."Жаңарған Жаңақорған жастары" қорының белсенді мүшесі.

– Рамазан айында барлығы тегін жұмыс істейді. Жүк көлік жүргізушілері бір ай бойы тегін жұмыс істейді. Халық сенім артқан соң жыл сайын атсалысып келеміз. Үйдің көлемі 7.8 болып басталды. Қазіргі таңда үлкейіп жатыр. Оның үстіне ремонттап, ішіне дүниесін де кіргізіп беруде. Кімде қандай мүмкіндік бар? Солай көмек көрсетіп жатыр. Бірі тоңазытқыш, кілем секілді дүниелерді беруде. Барлығы да Рамазан айында сауап үшін атсалысты. Алла разы болсын. Бір үйді 30 күнде аяқтадық. Құрылысында ешқандай ақау болмайды. Нұрлан Кенжебеков есімді азамат фундаментін өз қаражатынан құйып берді. Сәбит Өндірбайұлы жыл сайын 200-300 мың көлемінде көмек көрсетеді. Исаев Нұрмағанбет әулеті жыл сайын баспананың шатырын өзі тікелей жауып береді.

Бұл "Жаңарған Жаңақорған жастары" ұйымының белсенді жастары ұйымдасып аз қамтылған отбасыларға табыстаған алтыншы баспанасы және мұнымен тоқтап қалмай, әрі қарай да қайырымдылық істерді жалғастыруды көздеп отыр.

– Біздің баспаналы болуымызға атсалысып жатқан барша азаматтарға алғысын шексіз. Жақсылықтары Алладан қайтсын. Баспаналы болғаным үшін қуаныштымын. Тахажуд намазын оқыған кезде өмірімде алғаш рет шын көңіліммен Алладан тіледім. "Биыл баспаналы болайыншы" дедім. "Жақсылықты жария қылмайды" дейді ғой. Бірақ мен өзім де көп жақсылық жасаймын. Өзімді біреуден артық немесе кем санамаймын. Қиналған да емеспін, қиналдым деп айтқан да емеспін, – дейді баспана кілтін алған Әсем.

Игілігі мен сауабы мол шараға ауданымыздың бас имамы Әбдіхалық қажы Махмұтұлы да арнайы келіп, Қасиетті Рамазан айында жастардың қайырымды істеріне батасын берді.

Мөлдір САБЫРЖАН

БИЗНЕС БАСТАУ: 30 000 АДАМДЫ ОҚЫТУ

Елімізде «Бизнес бастау» жобасына қатысушылар санының артуына байланысты 17 мамырдан бастап «Бизнес Бастау» жобасының екінші легіне оқуға қатысуға онлайн өтініш беруге болады. Екінші лекке ең көп өтініш қабылдайтын аймақтардың қатарында Жамбыл және Түркістан облысы бар.

– Еліміз бойынша жобаның екінші легінде шамамен 8700-ден аса адамды оқыту жоспарланып отыр. Оқу әдеттегідей 21 күнге созылады және онлайн форматта өтеді, – деді «Атамекен» ҰКП Жаппай кәсіпкерлік департаментінің директоры Анастасия Шандрыга.

«Атамекен» ҰКП тек Жұмыспен қамту орталығы берген жолдама мен жеке күәлік негізінде жіберілген өтінімді қабылдайды. Ал жолдаманы беру тәртібін азаматтар өз өңіріндегі Жұмыспен қамту орталығынан біле алады. Жобаның бірінші легіне 10739 адамның өтінімі қабылданды. 11 мамырдағы жағдай бойынша 5616 адам бизнес жоспарын дайындап жатыр. Ал үшінші лекке 14 маусымнан бастап өтінімдерді тіркеу, 12 шілдеден бастап

төртінші лекке, 9 тамыз бен 6 қыркүйектен бастап сәйкесінше бесінші және алтыншы лектерге тіркеу басталады. Оқу кестесі өңірлік палаталардың барлық сайтында және Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында орналастырылған. Биыл елімізде бойынша 30000 адамды оқыту жоспарланған.

Агроөнеркәсіптік кешен саласын қарқынды дамыту мақсатында облыс әкімдігі мен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілген 2021-2025 жылдар аралығында инвестициялық құны 56,1 млрд теңге құрайтын 42 жобаның Жол картасы қабылданды.

Оның ішінде 20 экспортқа бағытталған іргелі инвестициялық жоба болып табылады. Атап айтсақ, 2 құс етін өндіретін құс фермасы, 2 сүт өнімдерін өндіру фермасы, 6 күріш ақтайтын зауыт, 3 ет камбинаты, 1 балық өсіру және өңдеу жобасы, 1 томат паста өндіретін зауыт, 1 интенсивті алма бақ, 1 түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру жобасы, 1 жылжыжай кешені, 1 бақша дақылдарын өңдеу жобасы, 1 жаңбырлатып суару әдісімен жоңышқа егу жобасы. Биыл бизнесті қаржыландыруға мемлекеттік бағдарлама аясында 6,2 млрд теңге қаржы қарастырылған. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағдарламасына 3,5 млрд теңге бөлініп, қазіргін өзінде шағын және 598 жобасы субсидияланды. Бұл жобалардың 432-сіне 2,2 млрд теңге көлемінде мемлекеттік кепілдігі ұсынылды.

Ресми мерекелер қатарында мамыр айының соңғы жексенбісі Химия өнеркәсібі қызметкерлері күні деп бекітілген. Осы орайда күрделі ғылым саласының бүгінгі жетістігі мен мәселелерін сала мамандарымен бірге талқыладық.

Ғылымға жаңалық әкелеген зерттеулерді айтпағанда, күнделікті тұрмыста пайдаланатын әрбір заттың құрамы химиямен байланысты. Әлем бойынша осы сала қарқынды дамып келеді десек те, еліміздегі химия өнеркәсібінің дамуы баяу екенін байқауға болады. Сөзімізге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтқан мына сөзі дәлел: «Қазақстанның батыс өңірлері мұнай-химия кешендерін салып, жоғары деңгейдегі қайта өңдеу ісінің жаңа өндірістік циклдарын құру үшін инвестиция тартатын орталыққа айналуы тиіс. Бізде бүгінге дейін мұнай химиясы мен газды қайта өңдеу жүйесінің жоқтығы – ақылға қонбайтын қисынсыз нәрсе». Қазақстандағы мұнайлы аймақтың бірі – Сыр өңірі. Ел бүгінге дейін мұнайдың игілігін көргенмен әлі күнге мұнай химиясы жолға қойылмаған. Егер осы бағытты дамытсақ, аймақ халқы үшін ғана емес, тұтас ел экономикасына үлкен серпін болар еді дейді мамандар.

Химия: мәселе мен мүмкіндік

МҰНАЙ ЭРАСЫ БІТЕДІ, БІРАҚ...

Нұрбол АППАЗОВ, Қорқыт ата атындағы ҚМУ инженерлік бейіндегі зертханасының бас ғылыми қызметкері, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент мүшесі:

– Әлемде химия өнеркәсібі жылдан-жылға дамып келеді. Негізі химияның қай саласын алып қарасақ та, қоршаған ортаға міндетті түрде кері әсері болады. Бірақ қазір жер жүзінде жасыл химияны дамыту қолға алынуда. Жасыл химия қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды барынша өңдеуді, тез жүретін процестерді пайдалануды, көп сатылы процестерді аз сатылы режимге ауыстыруды мақсат еткен 12 қағидадан тұрады.

Ал мұнай және газ химиясына келер болсақ, Қазақстанның қара алтынға бай екенін білесіздер. Бірақ мұнай-газ химиясы дамымаған. Бүгінде біз қолданып жүрген органикалық заттардың 95 пайызы мұнайдан алынады. Бірақ біздің елде мұнайдан тек отын алынады, яғни бензин. Ол жерде де мұнай-химиялық процестер жүргізіледі. Алайда оның бәрі отын алу бағытындағы, яғни жағу үшін жүргізілетін жұмыстар. Ал мұнай химиясы арқылы полимерлер, кииміздегі синтетикалық талшықтар, бояғыштар, дәрі-дәрмектер, аяқ киім, айта берсек, мұнайдан өте көп зат алуға болады. Өкінішке қарай, мұның бәрі бізге сырттан әкелінеді. Егер осы бағытты дамытатын болсақ, біздің болашағымыз зор болады. Неге? Себебі қазір мұнайдың эрасы бітті деп жиі айтылады. Иә мұнайдың отын ретінде пайдалану эрасы бітеді, өйткені оның орнын электромобильдер алмастыруда. Бірақ мұнай химиясы жылдан-жылға дами береді. Өйткені қазір шығарылып жатқан мұнайдың 0,1 пайызының өзі мұнай химиясы үшін жеткіліксіз. Оны өндіріс үшін ұзаққа пайдалануға болады. Қазір мұнай отын ретінде жанып кетіп жатыр. Сол себепті алдағы уақытта мұнайды отын ретінде емес, химия өнеркәсібі үшін шикізат түрінде пайдалану өте маңызды, – дейді ол.

Тарихқа сүйенсек, 1990 жылдары Қызылордада химия саласы бойынша екі зауыт іске қосылған. Бірі – қамыстан қағаз алуды жоспарлаған қатырма қағаз зауыты. Бірақ өңірде қамыс мөлшері аз болған соң, ағашты тайғадан тасыған. Кеңес үкіметі құлаған тұста, көп ұзамай комбинат есігіне құлып салынған. Екіншісі – мұнай материалдарын өңдеу фабрикасы. Бұл нағыз мұнай-газ химиясының өзекті саласы болған. Бірақ сол тұста фабриканы дұрыс пайдалану, шикізатты игеру жолға қойылмаған. Кеңес үкіметі мұнайлы аймақты тек шикізат көзі ретінде қараған соң, химия өнеркәсібі айтарлықтай дамымаған.

– Химия өнеркәсібін біртіндеп емес, өте жоғары қарқынмен дамыттасақ, экономиканы дамыту қиынға соғады. Өйткені, шикізатта өңдеудің барлығы химияға келіп тіреледі. Біздің аймақта уран өндіріледі, бірақ ол да шикізат ретінде ғана пайдаланылады. Цемент, күкірт қышқылы ол да – тауарлы заттар. Оларды өндіру өте жақсы көрсетікшке ие. Себебі бұл екеуі де химия өнеркәсібінің өнімі болып табылады. Өкінішке қарай, өндіріс орындары бізбен байланыс орнатқысы келмейді. Өйткені олар көбіне трансфертпен айналысады. Трансферт дегеніміз – шетелде бар технологияны бізге әкелін пайдалану. Ал біз ұсынып отырған жетістіктердің дамыту көрсеткіштерін айтсақ, олар аса қатты қызыға қоймайды. Бірақ қазіргі таңда біз үздіксіз зерттеулер нәтижесінде мұнай қалдықтарын өңдеу арқылы қайтадан мұнай алу технологиясын жасап шығардық. Өткен жылы пандемия басталған тұста антисептик шығардық. Қызылордада дәретхана қағазын шығаратын цех бар екенін білесіздер. Бүгінде цех қызметкерлімен бірігіп, сабаннан дәретхана қағазын шығаруды қолға алып жатырмыз. Әрине мұның бәрі ұсақ-түйек дүниелер. Сондықтан экономикаға айтарлықтай қарқын алып келмейді. Одан бөлек, зертханада жасалған маңызы жоғары ғылыми жұмыстарымыз бар, егер кәсіпкерлік және мемлекет тарапынан қолдау болып жатса, өндіріске қосар үлесіміз көбейері анық. Мысалы, біз жасаған гидрогельді топыраққа қосу арқылы жерді суармай-ақ, өсімдіктерді өсіруге болады. Одан бөлек желімдеу заттары (клей), сірке қышқылын алудамыз. Осы бағытты дамыту үшін үлкен зауыт болмаса да, шағын цех ашса пайдасы көп. Ал өсімдік өсуін реттеуіштер себілген тұқымның толығымен өніп шығуына жағдай жасайды. Қазір күріш қалдықтарын термотез арқылы өңдеп, белсендірілген көмір алуды да жолға қойдық. Оны медицинада астан уланғанда, одан бөлек суды, ауаны тазартуда және кен орындарында асыл металдарды бөліп алуға, жеке қорғаныс құралдарын (противогаз, респиратор) дайындауда пайдалануға болады, – дейді Н.Аппазов .

ЖАҢА ӨНІМДІ ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУ ҚИЫН, СЕБЕБІ...

Химия саласындағы тағы бір маңызды мәселе – кадр тапшылығы. Әрі осы сала бойынша ғылыми қызметкерлер мен өндіріс орындарының арасында байланыс жоқтығы жиі айтылады. Жастардың химия ғылымдарына қызығушылығы мен оларға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау көңіл көншіте ме? Мәселенің мәнісін мамандардан сұрадық.

Жастардың ғылымға деген оң көзқарасы қалыптасып келе жатқанын химия ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрбол Аппазов та растайды. Бірақ ғылым саласында жалақының мардымсыз болуы олардың басқа салаға ауысына басты себеп екен:

– Осы мамандықта білім алып жүген жастардың арасында ғылымға ден қойған жастар бар. Олар бізбен бірге зерттеулер жүргізіп, Scopus, Web of Science сынды әлемдік деректер базасына енген ғылыми журналдарға мақала шығарып жатқан жайы бар. Бұл – біздің шәкірттеріміздің жетістіктері. Сол себепті жастар химия саласына қызығады деп айта аламын. Алайда ғылым саласында жалақы аз болғандықтан олар басқа салаға ауысып кетіп жатады. Өкінішке қарай, ғылымнан бір кеткен адамның қайтып келуі қиын. Сол мәселе бізді алаңдатады.

Жалпы кадр тапшылығы кез келген салада кездеседі. Мұндай мәселе болмас үшін біз бермейді. Жылына бар болғаны 2-4 студент қана түседі. Бұл көрсеткіш республика бойынша да көңіл көншітпейді. Бұл мәселені біз БАҚ беттерінде, интернет желісінде жиі айтуымыз қажет. Өйткені бұл саланың болашақтағы әлеуеті өте зор. Жоғарыда айтып өткенімдей, барлық шикізатты өңдеу кезінде химиялық процесс жүреді. Оның бәріне химик қажет. Сол себепті химия саласының мамандары еңбек нарығында жоғары сұраныспқа ие, – дейді ол.

Нұргүл МЕҢДІБАЕВА, Назарбаев зияткерлік мектебіндегі химия ӘБ жетекшісі, химия пәнінің мұғалім-модераторы:

– Қазіргі таңда әлем бойынша ғылым күн сайын емес сағат сайын қарқынды даму үстінде десек қателеспейміз. Себебі халықтың сұранысына сәйкес әрбір саланың өзіндік дамуы, алға қойған мақсаты бар. Соның ішінде өзіміздің мамандығымызға сай химия саласы бірқатар жаңалықтарға толы. Әсіресе заттарды синтездеу үшін оларды өте ұсақ деңгейде зерттейтін нанотехнология саласы – жаңа ғылыми бағыт алды. Генетика, медицина, клондау, микроағзалардағы бактерияларға әсер ету және машина жасау, электроника, т.б. өндірістерге арналған жаңа материалдар алу, техника мен өндірістің барлық түрлерін жаңа сапа деңгейіне көтеру мәселелерін нанотехнологияны дамыту арқылы ғана шешуге болады. Қазақстанда наноқұрылымдарды зерттеу ҚР Білім және ғылым министрлігінің іргелі ғылыми-зерттеулер бағдарламасы бойынша 2003 жылдан бастап жүргізіле бастады.

Нанотүтікше – диаметрі бірнеше наномөтір, ал ұзындығы оншақты микрон болаты милиондаған көміртегі атомынан тұратын молекула. Адамның шашының қалыңдығынан 100 мың есе аз нанотүтікшелер сирек кездесетін өте берік материал болып шықты. Олар болаттан 50-100 есе берік, әрі тығыздығы алты өсе аз. Нанотүтікшелерден косманавттар, өрт сөндірушілерге арналған ыңғайлы киімдер тігу үшін, өте берік және жеңіл композиттік материал, микроскопқа зонд жасауға болады. Олар өзінің салмағынан бірнеше тонна артық жүкке шыдайды. Мысалы, Жапония нанотүтікшелерден космосқа лифт салуды және оны 2030 жылы іске қосуды жоспарлап отыр. Ғалымдар бұл лифт өз кезегінде 100 тоннаға дейінгі салмақты көтере алады деген болжамдар жасауда.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі айтарлықтай ерекшелік – жаңаша үлгіде жабдықталған нанотехнология кабинетінің болуы. Кабинетте жоғарғы сынып оқушылары жаңа ғылым бойынша түсінік қалыптастырып, шағын зерттеулерді жүргізе алады. Атап айтсақ, «Металдардың есте сақтау қабілеті», «Саусақ іздерін тану» атты қызықты эксперименттерді жасау мүмкіндіктері қарастырылған.

Назарбаев зияткерлік мектебіндегі нанотехнология кабинеті

ТАРИХ СӨЙЛЕЙДІ...

Қазақстандағы химия өнеркәсібінің қалыптасу кезеңі өткен ғасырмен байланысты. 1884 жылы ел ішінде екі кәсіпорын болған: Шымкент сантонин зауыты және Риддер байыту фабрикасындағы күкірт қышқылы цехы. Ал 1928-1930 жылдары Қазақстанның химияландыру комитеті құрылған. Сол тұста химияландыру комитеті жанынан минералдық және органикалық шикізат, ауыл шаруашылығы, химия-фармацевтикалық, әскери-химиялық секциялар ашылған. Ауқымды зерттеулер де сол уақытта қолға алынып, нәтижесінде республикадағы бай кен орындары игеріле бастаған.

Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, Қазақстанның химия өнеркәсібінің Кеңес өкіметі тарихындағы дамуы екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде (1917-1957 жылдар) Қазақстанда химия өнеркәсібі құрылды, республиканың жер қойнауы зерттеліп, 11 зауыт пен фабрика салынды. Осы жылдар аралығында химия ғылымындағы алғашқы жетістіктер көбейді. Екінші кезеңде (1955-1991 жылдар) химия өнеркәсібін дамытуда ірі ауқымды құрылыстар салына бастады. 17 ірі химия кәсіпорыны ашылып, онда шығарылатын өнім түрлері кеңейтілді. 1990 жылдың басындағы көрсеткіш бойынша Қазақстандағы химия өнеркәсібі өнімдерінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі – 7,6%-ды құраған. Алайда Кеңес Одағының ыдырауы, экономикалық қарым-қатынастарының үзілуі салдарынан 1991-2000 жылдары Қазақстандағы химия өнеркәсібі құлдырай бастаған.



Гүлбану ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ, химия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы" кафедрасының доценті:

– Қазір ғылымға бет бұрған жастарға мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау жоғары. Осы бағытта 2021-2023 жылдарға есептеліп, 9 млрд теңге қаржы бөлінген. Осындай мүмкіндіктің арқасында жастар ғылым саласында тәжірибе жинап, шетел университеттерімен тығыз байланыста білім алуда. Зертханаларда да қызу жұмыс жүргізілуде. Соңғы бес жылмен салыстырғанда химия саласына көрсетілетін қолдау деңгейі, жастардың зерттеу нәтижелері әлдеқайда жақсы.

Алайда зерттеу жүргізіліп, синтезделіп алынған жаңа өнімдерді өндіріске енгізу химиктер үшін біршама қиындық туғызады. Өйткені мұның бәрі қаржы мәселесіне келіп тіреледі. Біз ғалым ретінде жаңа зерттеу нәтижесін Үкіметке ұсынамыз, жобаларға қатысып, қаржыландырып суреймыз. Бірақ қолдау жоғары деңгейде болады деп айта алмаймын. Жалпы жаңа өнімді өндіріске енгізу өте қиын. Оны қаржыландыруды ғалымдардың қалтасы көтермейді, ал Үкімет қолдай қоймайды. Осы мәселеде химия саласы ақсап тұр.

Мектебіміздегі химия кафедрасының мұғалімдері оқушыларға білім беріп қана қоймай, оларды ғылымға баулумен де айналысады. Әр жыл сайын зерттеу жұмысын жүргізетін оқушылар мектепті бітіріп кеткен оқушының ғылыми жұмысын жалғастырып, жаңа мәселелер, жаңа зерттеулер немесе толықтырулар енгізіп, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам». Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз осы күнге дейін ғажап үлгісімен тамсандыратын аса жоғары деңгейде көркем дүниелер жасағанын бір ғана Алтын адам дәлелдеп берді. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті.

Алтын адам – қазақстандық Тутанхамон

Алтын адам V ғасырда өмір сүрген сақ ханзадасы деп жорамалданған. Алтын адам – Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. 1969-1970 жылдары археолог К.А. Ақышев тапқан. Топырақ қорғандармен ұштасып жатқан қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай 3 шаршы шақырым жерді алып жатыр. 40-тан астам обадан тұратын қорымның оңтүстік шетінде биіктігі 6 м, диаметрі 60 м үйінді төбе астынан екі қабір ашылды. Біреуі ертеректе тоналған. Екіншісінен жасы 17-18 шамасындағы сақ жауынгерінің мүрдесі ашылды. Қабір шырша бөренелерден жасалған, көлемі 3,3х1,9 м, биіктігі 1,5 м, сол жақ бөлігіне қойылған.

1963 жылғы сел тасқыны Есік өзенінің арнасын бұзып, оның жағалауында тұрған автобазаны шайып кетті. 1969 жылы автобаза үшін жер бөлінді. Оның бас инженері И.А.Дубкарт құрылысты бастамас бұрын жергілікті археологтардың келісімін алу керек еді. Құрылыс үшін бөлінген аймақта Есік қорғандары орналасқан. Археолог Кемел Ақышев жердің жағдайын барлап қайту үшін жас маман Бекмұхамбетті жібереді. “Өзге төбелерден өзгеленіп тұрған қорғанды қорғауға алу керек” дейді. Осы өзгеше төбеден алтын адамды тауып алады. Кезінде Алтын киімді ханзаданы тонамақ болған қарақшылар топырақ астында қалып, мерт болған. Бұған қорымның беткі қабатында шашылған адам сүйектері дәлел болды. Ғасырлар бойы тоналмай бізге жетуіне сол сүйектер себеп болғанға ұқсайды. Өйткені тонамақ болғандар топырақтың беткі қабатында шашылып қалған сүйектерді көргеннен кейін “бізге дейін бұл жерді қазған” деп ойлаған, – дейді.

АЛТЫН АДАМДЫ КІМ ЗЕРТТЕДІ?

Ғалымдар арасында алтын киімді ханзаданың сүйегі 1970 жылдары “жоғалып кетті” деп үміт үзген жағдай болған. 2014 жылы қайта табылған соң, Бекмұханбет Нұрмаханбетовтың бастамасымен Копенгаген университетінің жас маманы Петер Даамбарг алтын киімді ханзаданың қаңқа сүйегінің шынтақ тұсынан кішкентай бөлігін алып кеткен. Бірақ ондағы технология күшімен ДНҚ-ны анықтай алмаған. Онсызда кеуіп, үгітіліп тұрған сүйектің қолдан-қолға өтіп, әбден мүжіліп қалуы себепті ДНҚ-ны анықтау мүмкін болмаған.

2014 жылы РФ Ғылым академиясы этнология және антропология институтының ғылыми қызметкері Егор Китов мұражайға келген сәтінде: «Сүйектің Алтын адамдыкі екеніне күдігім болғанын жоққа шығармаймын. Көзімді жеткіздіңіздер. Енді сараптама жүргізу керек», – дейді. Ресейлік антрополог мұражайдағы қаңқа сүйек пен қазба жұмыстары кезінде табылған қаңқа сүйекті бір-бірімен салыстырып, “Бұл – алтын адамның сүйегі” деген қорытындыға келген.

РФ Ғылым академиясы этнология және антропология институтының ғылыми қызметкері Егор Китов (суретте рюкзакпен тұрған кісі. Бұл сурет Ермек Жасыбаевтың жеке мұрағатынан алынды):

– Егер, бас сүйегі табылса, оның тісі арқылы анықтауға болар еді. Бас сүйектің қайда кеткенін ешкім білмейді. Оның ізіне түсетін дәйектеме де жоқ. Қазіргі заманғы технологиямен анықтауға болады. Алтын адамның бас терісін сыпырып алу үшін 100 градуста, ерітінді қосып, қайнатылған жоқ. Топырақтан шықты.

Бас табылса, алтын адамның құпиясы ашылады. Бірақ бас жоқ. Бізге қазір алтын адамның тарихы емес, оның жынысын білу маңызды. Алтын адамның сыры әзірге құпия, аңыз және болжам түрінде ғана болып тұр, – дейді Ерлан Жасыбаев.

Сүйек бүлінуі мүмкін.

Бөті теріс керуеттің бетінде шашылып жатқан алтын киімді ханзаданың сүйегі дегенге көңіліміз сенбесе де, көзімізбен көрдік. Дамыған елдерде сурет өнері тұындыларының тұпнұсқасын сақтандыруға, тіпті атақты сақтандыру компанияларының даті бармайды. Себебі, ол – қымбат тұратын дүние.

Ал көз алдымызда шашылып жатқан сүйектердің күн сәулесінен және ыстықтан бүлініп кетпесіне кім жауапты? деген болжам жасадым. Сондай морфологиялық ерекшеліктерін де ескере отырып, оны шамамен 20 жастағы жауынгер деп анықтама бердім. Ал нақты әйел не еркек екенін білу үшін хромосомалық анализ жасау керек», – дейді.

АЛТЫН АДАМНЫҢ ӘШЕКЕЙЛЕРІ

Моланы қазып ашқан кезде археологтар жерленген адамның басына дейін алтынмен апталып жатқанын көрген екен. Сақ жауынгерінің басы батысқа қаратылып жатқызылған. Қабірдің оңтүстік және батыс шеттерінде металл, қыш, ағаштан істелінген ыдыстар, зергерлік бұйымдар қойылған. Қабір ағаш қақпақпен жабылып, темір құрсаулармен бекітілген, еденіне тақтай төселген, ал адам қойылатын жеріне алтын жапсырмалармен безендірілген төсеніш салынған. Сүйектің кеуде тұсында алтын әшекеймен көмкерілген сауыты, басында алтынмен апталған бас киімі, оңтаңы саусағында күн құдайы Митранын бейнесі бар алтын жүзіні болыпты.

Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген, болаттан соғылған қанжар, алтын және күмістен жасалған ыдыстар табылған. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін “хайуанат нақышында” жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш кейлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен бұылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар – ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген.

Бұл Алтын адамның зираттан қазып алар кездегі көрінісі

АЛТЫН АДАМ ӘЙЕЛ МЕ, ЕРКЕК ПЕ?

Алтын адамның бас сүйегін қолға ұстаған Оразақ Смағұл мырза: «Төменгі жақ сүйегі өте биік, мандайындағы қабақ сүйектері жақсы жетілгендіктен, оны ер адам

Есік обасынан алынған археологиялық мәліметтерге қарап, бұл адамның б.з.б. V-IV ғасырларда өмір сүргені анықталды. Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, Алтын адамның Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті басқарушысының ұлы немесе жас көсем, әскербасы екенін айқын көрсетеді. Көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология т.б. салалардан мол дерек беретін Алтын адам сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдейді.

Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі Елтаңбамызға енді.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН БАСҚА ДА АЛТЫН АДАМДАР

Қарғалыда табылған әйел сәукелесінің (диадема) сюжетін көз алдымызға келтірейік:

Бірінші: қолына қамшы ұстаған бозбала белгісіз қанатты құбжық жануардың үстінде төңірегінде мереке басталғанын хабарлап шауып келеді.

Екінші: тақ үстінде тұрған қанатты жылқы. Жылқының піріндей сыйлағаны үшін оған көрсеткен ерекше құрмет.

Үшінші: жылқы үстіндегі салт жігіт айналасына қолын сермеп хабарлар жеткізуде.

Төртінші: ат үстіндегі той бастар жігіт аузында қамыстан жасалған сыбызғы-сырнайы, қолымен би өрнектерін көрсетіп билеп келеді. Жоғарыда ұшып жүрген құстар жердегі мәз-мейрам болған хайуандар кейпіндегі қуаныштарға қарағанда наурыз – мұнда табиғат мерекесінің бір сәті бейнеленген.

Шығыс Қазақстаннан Алтын адамның тоғызыншысы табылды. Академик З.Самашевтің айтуынша, Есік қорғанындағымен салыстырғанда 3 ғасыр бұрын өмір сүрген екен. Қазақ жерінде табылған Алтын адамға тең түсер жәдігер тек оңтүстік Украина жерінен табылыпты. Оның да сауыт-саймандарының 80 пайызы алтыннан құйылған және біздің заманымызға тоналмай жеткен. Ал Шығыс Қазақстанның Үржар ауданынан табылған Үржар ханшайымының тек сәукелесі, одан кейін Шілікті аңғарынан табылған сақ көсемінің сауыт-сайманының тек 40-60 пайызы ғана алтыннан құйылған. Сол себепті қазақ даласынан табылып жатқан жәдігерлердің бәрін Алтын адам деп атай беруге болмайды. Ол үшін арнайы комиссияның шешімі керек, – дейді Ермек Жасыбаев.

АЛТЫН АДАМ ҮЙСІН ХАНЗАДАСЫ МА?

Алтын адам Үйсін ханзадасы деп алғаш жорамалдаған жазушы Тұрсын Жұртбаев болатын.

“Үйсіндер – батыс өңірдегі ең құдіретті мемлекет, олардың 120 мың түтіні, 188,8 мың сауытты әскері болған. Елжау бидің 10 ұлы болған, соның тақ мұрагері етіп белгіленген тұңғыш баласы 22 жасында қайтыс болады. Кейіннен әкесі қайтыс болғанда осы ұлының жанына жерленген. Ал Ақышевтің зерттеулерінде Алтын адамның мүрдесінің жанында тағы бір көсемнің мүрдесі болғаны жайлы айтылады. Жалпы дәстүр бойынша әрбір тұлға дара көмілуі керек. Басындағы қорған да жеке болуы керек. Әуел баста жас ханзаданың қорғаны жеке болған, кейін екінші тұлғаны жерлеуінен кейін біріктіріліп, үлкен қорған тұрғызылған. Қорғанның ауданы 60х60, биіктігі 6 метр, жалпы аумағы 8300 м3”, – деген-ді Тұрсын Жұртбаев бізге ертеректе бір әңгімесінде.

Реставратор Владимир Садовский мен Кемал Ақышев Алтын киімді ханзаданың музейдегі қазіргі бізге белгілі үлгісін жасауға үш жылын жұмсапты. Оның костюмін қайта қалыпқа келтіруге Владимир Садовскийдің жұбайы Тамара да атсалысқан. Дайын болған сән үлгісі Алматыдағы орталық сауда үйі сыйға тартқан қуыршақ манекенге лайықталып пішілген. Кейін Владимир Садовскийдің қызының бойына өлшенген.

– 1973 жылы Сақ ханзадасының алтын сауыты Мәскеуде, 1974 жылы Лейпцигте, 1975 жылы Каирде, 1976 жылы Дамаск қаласында өткен халықаралық көрмеге қойылған. Сол кезде оның иесінің сүйегі Алматыда жертөледе қараусыз жатты, – дейді Ерлан Жасыбаев.

РАХАТ АУЫЛЫ – АЛТЫН КИІМДІ ХАНЗАДАНЫҢ ҚОНЫСЫ

Ежелгі Есік қаласы сақтар өркениетінің орталығы болған деген пікірді археолог-тарихшы Байпақов талай рет айтқан. Бекмұханбет ақсақал да көз жұмғанша Есік даласы – сақтар өркениетінің орталығы болған деген пікірді қолдап өтіпті. Соның дәлеліндей, 2004 жылы сол ауылдан “Өрікті” деген атауға ие болған ежелгі қаланың орны табылды.

– Бекең ақсақал Сақ ханзадасының ата қонысы – Өрікті болған, оның мүрдесі сол Өріктіден жеткізілген деген болжам жасады, – дейді Ерлан Жасыбаев.

Бекең ақсақал да балаларына өлген соң, денесін сол Өріктіге қойындар деп аманаттап кетіпті. Қазір оның денесі Алтын киімді ханзаданың ата қонысында жатыр.

Гүлжанат АБДУЛЛАЕВА,
тарих ғылымдарының магистрі

Тоқтар АҒЫРАЕВ, қобызшы:

ӨНЕР ЖОЛЫМДЫ ӘКЕ ТӘРБИЕСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫРАМЫН

Қобыз десе есімізге Қорқыт баба түседі. Қуыс шанақ аспапты қара жердей күңіренткен, бозінгендей боздатып отырған абыздың көз алдымызда тұра қалатыны бар. Сол үшін болар барлық ыспалы аспаптардың атасы саналатын қобызды ежелгі түркі-монғол ұлыстары "хор хуур" деп те атапты. Осыған қарап ғалымдар "хор құт", яғни, қобыздың арғы мәні "қобыз құт" деген біріккен сөзден шыққан болар деген болжам айтады. Біз бүгін осындай әлемдегі ең көне аспаптың тілін тапқан жас қобызшы Тоқтар Ағыраев жайлы жазуды жөн көрдік.

Тоқтар – әке жолын жалғаған ұл. Арқа әндері десе жаны қалмайтын дәстүрлі әнші Ермекбай Ағырай баласының да өнерге жақын өскенін қалаптты. Содан болар жас қобызшы әкесінің жанында жүріп, талай күйді құлағына сіңіріп, бүгінде өзі де ұлттық өнерді халық арасында насихаттап жүр.

– Ең алғаш үйренген аспабым – домбыра. Бала күнімде домбыра тартуды да әкем үйретті. Кейін өнер саласында қызмет етемін деген шешіммен Қазанғап атындағы музыкалық колледжге оқуға тапсырдым. Ал қобызды колледж қабырғасында жүріп Бақыт Кәрібаевадан үйрендім. Ол – талай шәкіртті өнер додасына қосқан білікті ұстаз, – дейді Т.Ағыраев.

Тоқтар колледжегі оқуын сәтті тәмамдаған соң, білімін Астанадағы Қазақ Ұлттық Өнер университетінде жалғастырады. Сол уақытта Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қобызшы, зерттеуші ғалым, композитор Әлқуат Қазақбаев жас өнер иесіне қобыздың қыр-сырын үйреткен екен.

– Бала күнімде әкем дәстүрлі ән-жыр жинақталған үн таспаны қосып қоятын. Әрі өзі де жырды жиі айтатын болған соң, біз де ұлттық ән мен күйге қызығып өстік. Сондықтан өнер жолына келуімді әке тәрбиесімен байланыстырамын.

Ең алғаш "Қорқыт сарыны" күйін тартқаным есімде. Қобыз десе, Қорқыт ата жайлы аңыздардың ойға оралатыны рас. Сол үшін көпшілік қобызды қасиетті санап, одан әлдебір ғажайыпты іздейтіні бар. Бірақ мен қобызды қолға алғанда ешқандай тылсым дүние болған емес. Ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың еңбегінде: "Қорқыт сарынын" ойнағанда күйші өзінің ата-бабасын еске түсіреді, өткен замандағы ерлік дәуірді асқақтата толғай, келешекке, ізгілікке үндейді" деп жазған. Менде дәл сол күйді кешемін, – дейді жас қобызшы.

Ғалымдар шанақты аспаппен тартылған тәл шығармалардың сақталмағанын, сол үшін күй қорының аз екенін айтады. Бұл пікірді Тоқтар Ермекбайұлы да жоққа шығармайды.

– Қобыз арқылы ойналатын күйлер көп емес. Оқу қабырғасында жүрген кезімде қобыздағы күйдің барлығын қамтып, үйрендім. Күйдің қай-қайсысын алсам да, бәрі жаныма жақын.

Қобыз күйлерінің кеңінен таралған уақыты, күйдің алтын ғасыры саналатын XIX ғасыр екенін білесіздер. Осы ғасырда өмір сүрген Қорқыт атадан кейінгі әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлының "Шыңырау" деген күйі бар. Сіздерге сол күйдің қысқаша тарихын айтып берейін. Себебі тыңдаушы күйді құлақ құрышын қандыра тыңдағанымен, кей сәттерде мағынасын түсінбай жатады. Ал шын мәнінде әр күйдің өзіндік тарихы бар. "Шыңырау" күйін бізге жеткізіп, тарихын баяндаушы – Дәулет Мықтыбаев ағамыз.

Бірде Ықылас атамыз жолаушылап келе жатып, астындағы атын шалдырып алмақшы болады. Сол үшін бір түп ағаштың қасына аялдайды. Дәл сол мезетте ағаштың түбінде шыдамсыздана ұшып жүрген құсты, бұтадағы ұяда тағат таппай шырылдаған балапандарын көреді. Сөйтсе ұяға қарай бір жылан жылжып барады екен. Күйші орнынан жалма-жан атып тұрып, жыланды өлтіреді де, суға ағызып жібереді. Осы көріністен соң Ықылас атамыз "Озбырдың аты озбыр, әлсізді жұтып қойғысы келеді. Осы көргенімді қобыздың үнімен кейінгіге айтып кетейін. Озбырлардың қара ниет әрекеті қашанда халықтың есінде болып, қауіптен сақтана жүрсін" деген оймен "Шыңырау" күйін шығар екен, – дейді Т.Ермекбайұлы.

Скрипканың арғы атасы саналатын қобыздың Сыр халқы үшін орны ерекше. Күй өнерін серік еткен Тоқтар да қобызға деген құрмет пен жауапкершіліктің жоғары болу керегін айтады:

– Аймағымызда күй өнеріне жыл сайын қолдау көрсетіліп, насихатталып келеді. Әрі жастардың да бұл аспапқа деген қызығушылығы жоғары. Алда өнерімді елге таныстсам деген жоспарым бар, Алла қаласа соның бәрін іске асыруға тоқтаусыз еңбек ету қажет, – дейді жас өнер иесі.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

30 ЖЫЛДЫҚҚА – 30 ЭКСПОНАТ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыс мұзейлері экспозициясы бойынша «Үш он жылдық белес» атты экскурсиялар шеруі өтеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұршат Наурызбаева мәлімдеді.

Жалпы облыста 14 музей бар. Облыс мұзейінің қоры палеолит дәуірінен бастап қазірге дейінгі өлкенің тарихынан, экономикасы мен мәдениетінен, әдебиеті мен өнерінен, флорасы мен фаунасынан сыр шертетін тарихи құндылықтарға толы. Жәдігер саны – 146 923.

– Облыс мұзейлерінде 2306 экскурсия, 229 лекция, 161 көрме, 10 шеберлік сағаты, 18 тарихи-танымдық видео ұйымдастырылды. «Мұзеолог» бағдарламасына 770 экспонат, облыстық мұзейге 200 экспонат өндірілді, – деді облыстық тарихи-өлкетану мұзейінің директоры Сапар Көзейбаев.

Қазіргі таңда Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану мұзейіне жер телімі беріліп, жаңа ғимарат салу жоспарлануда. Сондай-ақ Шиелі аудандық тарихи-өлкетану мұзейінің құрылысы жаңадан салынып, экспозициясын жасақтау басталды.

– Облыста Халықаралық мұзейлер күніне орай ауқымды шаралар ұйымдастырылады. Атап айтсақ, «Менің мұзейім» атты ашық есік күні жарияланды. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыс мұзейлері экспозициялары бойынша «Үш он жылдық белес» атты экскурсиялар шеруі өтеді. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 экспонат» атты ашық аспан астындағы мұзейге сый акциясы және «Мәдениет қайраткері, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Аманкелді Кененбаевтың қатысуымен «Өзінді суретші сезін» атты перформансы ұйымдастырылады, – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұршат Наурызбаева.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ҚЫЗ "ӘЛЕМ АРУЫ" БАЙҚАУЫНДА

"Әлем аруы" сұлулық байқауына Қазақстан атынан қатысып жатқан Камилла Серікбай сахнаға шығып, күллі әлемге қазақтың ұлттық киімін көрсетті. Бойжеткен қызыл және ақ түсті көйлекті таңдаған.

Байқаудағы ұлттық киімдердің көрсетілімі Miss Universe Youtube-каналында жарияланған. Камилла Серікбай бұл кезеңде өнер көрсетпес бұрын Instagram парақшасында қалың көпшіліктен қолдау сұрады. Айта кетейік, бұған дейін "Қызылорда аруы" атанған Камилла Серікбайдың халықаралық "Әлем аруы" байқауында Қазақстан намысын қорғайды. Бойжеткен бүгінде Сүлейман Демирел атындағы университетте заңгер мамандығы бойынша білім алып жатыр. Қызылордалық ару ағылшын мен түрік тілін оқып үйренуде. Оның үстіне, бойжеткен 13 жасынан бері каратэмен айналысқан.

«ГРЭММИ» ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Биыл «Грэмми» музыкалық марапаты 63-інші рет өтті. Марапаттау кеші 31 қаңтарда өтуі керек болған. Алайда пандемияға байланысты салтанатты кеш 14 наурызға ауыстырылды. Десе де биылғы байқаудың ел тарихындағы орны бөлек. Себебі, марапатқа қазақстандық Иманбек Зейкенов ұсынылып, көптің арманына айналған мүсіншені жеңіп алды. Ел тарихындағы алғашқы жүлденің маңызына тоқталсақ.

«Грэмми» – американдық дыбыс жазу академиясының премиясы. Оны АҚШ дыбыс жазу қауымдастығы 1958 жылы 14 наурызда құрған. Бүгінде «Грэмми» музыка индустриясында ең абыройлы марапат. Ол кино индустриясындағы Оскармен тең. Марапат ретінде граммафон мүсіншесі беріледі. «Грэмми» жыл сайын 108 категория бойынша музыканың 30 жанры бойынша Recording Academy мүшелерімен марапатталады. Ең алғашқы марапаттау салтанаты 1958 жылдың 4 мамырында болған.

«Грэмми» премиясының пайда болу тарихы голливудтық «Данқ аллеясымен» байланысты. Музыкалық индустрия көшбасшылары 1957 аллеяға адамдар тізімін жинап, әртістерді танымалдығы үшін емес, шығармашылық жетістігін бағалау үшін құрмет көрсетуді мақсат етеді. Ал аллеяның концепциясы бойынша жетістікке жетпеген музыканттар тізімге қосылмайтын. Осы идеяны жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылар Дыбыс жазу өнері және ғылымы ұлттық академиясы "Грэммиді" ойлап табады. Премия ресми түрде 1957 жылы 28 мамырда Лос-Анджелесте негізі қаланып, кейіннен сол қалада алғашқы кеңсесі ашылған.

Ал премияға Грэмми атауы бекер берілмеген. Бастапқыда оны фонографты ойлап тапқан адам Томас Эдисонның құрметіне «Эдди дап атауды жөн санаған. Алайда бұл атауды адамдар американдық эстрада әншісі және актер Эдди Фишердің құрметіне аталған деп ойлауы мүмкін деген ой туған. Сөйтіп, «Грэмми» деген атау граммафонды ойлап тапқан адам Эмиль Берлинердің құрметіне таңдалған. Бұл атау БАҚ-та дауыс беру арқылы таңдалған. Оны Жаңа Орлеан тұрғыны Джей Данна есімді қыз ұсынған. Премия жеңімпаздарына кішкентай граммафон статуэткасын беру тарихы да осы оқиғадан басталған.

ЖЕҢІМПАЗДАРҒА СЫЙЛЫҚ БЕРІЛЕ МЕ?

Премияда лауреат атанып, мүсіншені алған әртістерге ақшалай сыйақы берілмейді. Алайда премияда жеңіске жеткен кез келген орындаушы не продюсердің концертінің билет сатылымы 55 пайызға өсуі мүмкін. Мысалы, Бруно Марс және Тейлор Свифт «Грэммиде» жеңіске жеткенмен кейін билет сатылымынан біраз қаржы түскен. Одан бөлек, түрлі БАҚ мәліметінше, әдетте продюсерлер бір ән үшін 30-50 мың доллар алса, ал «Грэмми» статусы бар продюсер бір әнге 75 мың доллардан жоғары сұрайды.

ЖҮЛДЕ ҚАЛАЙ ТАБЫСТАЛАДЫ?

«Грэммиге» үміткерлер шығармаларын жыл сайын 30 қыркүйектен кешіктірмей ұсынуы керек. Ал сыйлықтың өзі жыл сайын қыс айында беріледі. Марапаттау рәсімі Лос-Анджелесте 1958 жылдан бері өткізіліп келеді. Оны әлемдегі миллиардтан астам көрермен тамашалайды. Жүлдеге алтын граммофон табыс етіледі. Бастапқыда «Грэмми» номинациясының саны 26-ны құрады, бірақ қазір олардың саны 100-ден асады және әр салтанатқа барлығы 1000-нан астам үміткер қатысады. Санаттар бойынша жеңімпаздар АҚШ Ұлттық дыбыс жазу академиясының 13 мыңға жуық мүшесінің дауыс беруімен анықталады.

❖ Былтыр 25 қарашада Imanbek лақап атымен белгілі Иманбек Зейкеновтің Roses атты әнге жазған ремиксі "Грэммиге" ұсынылды. Бұған дейін Қазақстанның атынан «Грэммиге» ешқандай артист ұсынылмаған. Бүгінде ремикс YouTube-те 145 миллион қаралым жинаған.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

БАТЫРХАН ШӨКЕНОВ АТЫНДАҒЫ СТИПЕНДИЯ ЖАРИЯЛАНДЫ

ЖОО студенттеріне 500 мың теңгеден төрт стипендия, арнайы мектеп оқушыларына 250 мың теңге көлемінде алты стипендия бөлінеді.

Батырхан Шөкенов атындағы қоғамдық қоры келесі оқу орындарының үрмелі аспаптар бөлімшесінің студенттері мен оқушыларына Батырхан Шөкенов атындағы 2021-2022 оқу жылына арналған стипендия жариялайды:

Батырхан Шөкенов атындағы шәкіртақының алуға өтінішті 12 қыркүйекке дейін batyr.foundation сайтында толтыру қажет. Стипендия алуға жоғарыда көрсетілген оқу орындарының студенттері мен оқушылары ғана келесі аспаптар сыныптары бойынша үміткер бола алады:

Ағаш үрмелі музыкалық аспаптары:
- гобой;
- кларнет;
- саксофон;
- фагот;
- флейта.

Жезден жасалған музыкалық аспаптар:
- валторна;
- тромбон;
- труба;
- туба.

Стипендияға тек Қазақстан азаматтары ғана үміткер бола алады. Іріктеу екі кезеңнен тұрады: онлайн-тур және бірінші турдан өткендерге арналған сұхбат. Стипендиаттар сыйлық алғаннан кейін фото және бейнетүсірілімге қатысуға келіседі.

Бұдан бөлек Нұр-Сұлтан әкімдігі Батырхан Шөкенов ескерткішінің үздік эскиз-идеясына арналған байқау жариялады. Бүгінде байқауға қатысатын алғашқы эскиздер пайда болды. Онда композитор әртүрлі вариацияларда, соның ішінде сүйікті музыкалық аспабы – саксофонмен бейнеленген. Эскиздер бойынша ұсыныстарды Birge «Кері байланыс» арқылы, сондай-ақ centerofurbanism@gmail.com поштасына жіберуге болады.

Ел спортшылары Олимпиада маусымына тартысты жолын жалғастыруда. Мамыр айы қазақстандық спортшылар үшін әлемдік және халықаралық, сонымен қатар республикалық бірқатар маңызды жарыстарға толы. Осы айдың басында Қазақстан құрама командалары Олимпиадалық іріктеу додаларында топ жарып, бірнеше жолдамаға иелік етті. Отандық атлеттер әрі қарай да жолдама жолындағы жорығын жалғастырады. Мамыр айында өтетін маңызды жарыстарға тоқталсақ.

ЖАПОНИЯ ЖОЛДАМАСЫ: ЕЛ СПОРТШЫЛАРЫНА МҮМКІНДІК БАР МА?

Садақ атудан әлем кубогінің екінші кезеңі басталды. Аталған дода 23 мамырға дейін Швейцарияның Лозанна қаласында жалғасады. Бұл жарыс садақшылар үшін әлемдік рейтингте ұпай беретін соңғы мүмкіндік болады. Классикалық садақ ату бойынша Қазақстан сапынан бірнеше спортшы ел намысын қорғайды. Атап айтсақ:

Ерлер: Ильфат Абдулли, Санжар Мұсаев, Сұлтан Дүзельбаев, Денис Ганькин. Әйелдерден: Анастасия Баннова, Алина Ильясова, Фарида Түкебаева.

Айта кетейік, садақ атудан Қазақстан құрамасы маусымға жаңа садақтармен Алматы облысында дайындалды.

Атырауда бокстан V жастар ойындары өтеді. V жастар ойындары аясындағы бокс бәсекелері 17-23 мамыр аралығына жоспарланған. Сайыс 2003-2004 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында 11 салмақ дәрежесі бойынша ұйымастырылады. Онда еліміздің барлық өңірлерінен 370-ден астам білгіры қолғап шеберлері бақ сынайды.

21-22 мамыр күндері таеквондодан Иорданияның Амман қаласында Олимпиада ойындарына іріктеу турнирі өтеді. Құрлықтық іріктеу додасына Қазақстан құрамасынан Фариза Алдоңғарова, Жансель Дениз, Қайрат Сарымсақов пен Руслан Жапаров қатысады.

Ауыр атлетикадан жасөспірімдер әлем чемпионатына қатысатын Қазақстан құрамасының тізімі белгілі Санаулы күндерден соң Өзбекстан астанасы Ташкентте ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты басталады. 21-31 мамыр күндері өтетін жарысқа қатысатын Қазақстан командасының құрамы төмендегідей: Жасөспірім ұлдар: Абылай Әуелханов (55 келі), Алексей Дроздов (61 келі), Ақмола Сайрамкез (67 келі), Сайхан Тайсуев (73 келі), Рахат Бекболат (102 келі). Жасөспірім қыздар: Гүлнұр Ыбырай (64 келі), Айсамал Сансызбаева (87 келі).

Бокстан Азия чемпионаты: Олимпиадашылар құрлықтық бірінші лікті бағындыруға барады. 21 мамыр мен 1 маусым аралығында Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында бокстан ересектер арасындағы Азия чемпионаты өтеді. Бокстан Азия чемпионатына қатысатын Қазақстан командасы: 49 келі: Даниял Сәбит, 52 келі: Сәкен Бибосынов, 56 келі: Сабырхан Махмуд, 60 келі: Серік Теміржанов, 64 келі: Закир Сафиуллин, 69 келі: Абылайхан Жүсіпов, 75 келі: Әбілхан Аманқұл, 81 келі: Бекзад Нұрдәулетов, 91 келі: Василий Левит, +91 келі: Қамшыбек Қоңқабаев. Әйелдер: Алуа Балқыбаева (48 келі), Назым Қызайбай (51 келі), Дина Жоламан (54 келі), Кухта Владислава (57 келі), Римма Волосенко (60 келі), Милана Софранова (64 келі), Валентина Хальзова (69 келі), Марина Вольнова (75 келі), Фариза Шолтай (81 келі), Ләззат Күнгейбаева (+81 келі).

ГОЛ ЖАУҒАН ТУР

Футболдан ел біріншілігінің 12 турының алғашқы үш ойыны жанкүйерлер көңілінен шыққаны айдан анық. Себебі сол күні өткен кездесулерде бақандай 15 гол соғылды.

Түркістан Аренада жергілікті «Тұран» Оралдың «Ақжайық» қабылдады. Бұл кездесудің бірінші кезеңінде есеп ашылмады. Десек те үзілістен кейін жағдай күрт өзгерді. 71 мен 75 минуттар аралығында Николай Ковталюк соққан қос голдың арқасында қонақтардың мерейі үстем болды – 0:2.

Біраз уақыттан бері жеңіске жете алмай, өз жанкүйерлерінің көңіліне селкеу түсірген «Қайрат» бұл турда кездеген мақсатына қол жеткізді. Алматыда өткен матчта олар «Ақтөбенің» қақпасына төрт доп салса, қарсыластары нысананы екі рет дәл кездеді. Есеп 4:2. «Қайраттың» сапындағы Артур Шушеначев (7, 36 минуттар) дубль авторы атанса, Хосе Канте (51 минут) мен Небойша Косович (86 минут) бір-бір голдан соқты. Қонақтар арасында Дидар Жалмұқан (41 минут) мен Эрвейн Мукам 54 (54 минут) өз мүмкіндіктерін қалт жібермеді.

Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадионда жергілікті «Қайсар» «Астанаға» 2:5 есебімен есе жіберді. Алғашында Марин Томасов (31 минут) пен Вараздат Ароян (37 минут) елордалық клубты алға шығарды. Бірінші тайм аяқталар тұста Егор Потапов (44 минут) есеп айырмасын қысқартқанымен, Макс Эбонг (45 минут) кезді ашып-жұмғанша қайта допты торда тулатты. Үзілістен кейін Томасов (47 минут) пен Роман Мұртазаев (61 минут) мергендік танытса, Стефан Денковичтің (87 минут) 11 метрлік айып добын сәтті орындап, кездесудің соңғы нүктесін қойды.

ТАБЫСТЫ СПОРТШЫЛАР

Forbes журналы жылдың ең табысты спортшыларының рейтингісін жариялады. Тізімде UFC файтері Конор Макгрегор көш бастап тұр. Ирландиялық файтердің біржылдық табысы 180 миллион долларға бағаланған. Рейтингтің екінші сатысында футболдан «Барселона» мен Аргентина құрамасының шабуылшысы Лионель Месси тұр, журнал оның табысы 130 миллион доллар деп көрсеткен. Ал үздік үштікті «Ювентус» пен Португалия құрамасының шабуылшысы Криштиану Роналду 120 миллион доллармен түйіндеді.

Конор Макгрегордың табысының көп бөлігі виски бренді арқылы түскен. Ал Месси мен Роналдудың негізгі табысы жарнамалық келісімшарттар екен.

Үздік ондыққа үш футболшы, екі баскетболшы және екі американдық футбол ойшысы кірген. Тағы бір-бірден ММА, теннис пен автожарыс спортшылары бар.

Жылдың ең табысты ТОП-10 спортшысы:

1. Конор Макгрегор (ММА, UFC) – 180 миллион доллар.
2. Лионель Месси («Барселона», футбол) – 130 миллион доллар.
3. Криштиану Роналду («Ювентус», футбол) – 120 миллион доллар.
4. Дак Прескотт («Даллас Ковбойс», американдық футбол) – 100 миллион доллар.
5. Леброн Джеймс («Лос-Анджелес Лейкерс», баскетбол) – 96,5 миллион доллар.
6. Неймар (ПСЖ, футбол) – 95 миллион доллар.
7. Роджер Федерер (теннис) – 90 миллион доллар.
8. Льюис Хэмилтон («Мерседес», «Формула-1») – 82 миллион доллар.
9. Том Брэди («Тампа-Бэй Бакканирс», американдық футбол) – 76 миллион доллар.
10. Кевин Дюрант («Бруклин Нетс», баскетбол) – 75 миллион доллар.

Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің кеңейтілген отырысында Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағапанов спорт саласындағы мамандандырылған мектептер мен колледж қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын көбейтілетінін айтты.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ АРТАДЫ

– Пандемия кезінде мемлекет әлеуметтік қолдау шараларын және республикалық спорт ұйымдарын қаржыландыруды тоқтатқан жоқ, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап спорт саласындағы мамандандырылған мектептер мен колледж қызметкерлерінің жалақысы көбейтілді, ол 2023 жылға дейін жыл сайын 25 пайызға өсетін болады, – деді Е.Қожағапанов.

Сонымен қатар мемлекеттік білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне сабақтан тыс спорттық сабақтарды жүргізгені үшін базалық лауазымдық жалақыдан 100% мөлшерінде қосымша ақы белгілеу туралы мәселе шешімін тапты. Оның айтуынша, кәсіби спорт клубтарын күтіп ұстауға, халықты, бірінші кезекте балаларды дене шынықтырумен және бұқаралық спортпен айналысуға тартуға бағытталған қаражатты қайта бағдарлау бойынша іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Еске салайық, жиын барысында бұқаралық спорт өңірлердегі көптеген азамат үшін әлі де қолжетімді емес екені айтылды. Ерлан Қожағапановтың сөзіне қарағанда, былтыр еліміздің дене шынықтыру-спорт қозғалысына 5,9 млн адам қатысқан.

Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК

ФИНАЛ ПОРТУГАЛИЯДА ӨТЕДІ

Футболдан Чемпиондар лигасы финалы Португалия (Португалия) стадионында өтеді. Стамбұл қаласы биыл да турнирден тыс қалды. Былтыр Түркияда жоспарланған финал пандемияға байланысты өтпеген-ді.

2020/21 жылғы Чемпиондар Лигасы финалы әуелден Стамбұлда өтеді деп жоспарланған. Алайда пандемияға байланысты ширек финалдан бастап ойындардың бәрі Лиссабонға ауыстырылды. Финал күні белгіленгесін UEFA өтетін орын жайын қайта қарай бастады. Туркияда локдаун жарияланғаны бар, одан бөлек карантин ережесіне сәйкес бұл ел Ұлыбританиядағы «қызыл тізімдегі» елдер қатарында тұр. Сондықтан федерация финалды басқа елде өткізуге шешім қабылдады.Дегенмен әу баста финалдың Стамбұлдан басқа қалаға ауыстырылатыны туралы ақпарат тарай бастағанда түрік тарапы пандемия тек сылтау екенін алға тартқан. Түркия футбол федерациясының басшысы Нихат Өздемір «Финалға дайынбыз. Өздері-ақ жүгіріп келеді әлі. Біз UEFA – мен келіссөздер жүргізіп жатырмыз», – деген еді. Оның үстіне Стамбұлда өтеді деп жоспарланған финал екінші рет басқа қалаға ауыстырылды. Сондықтан UEFA турнирдің 2023 жылғы финалын Стамбұлға ұсынуы мүмкін деген мәлімет бар. Сол жылы Түркия Республикасы 100 жылдығын атап өтеді. Сейтіп түріктерді өкпелетіп алмаудың да амалдары қарастырылып жатқанға ұқсайды.

Мұнан бөлек, бастапқыда екі команда бір елде орналасқандықтан финал Узмблида өтетіні туралы қауесет шыққан. Тіпті ағылшындар шама-шарқынша финалды өз елдерінде өткізуге тырысқаны туралы деректер бар. Бірақ UEFA финалдың Португалияда өтетінін мәлімдеді. UEFA басшысы Александер Чеферин футбол жанкүйерлерінің бір жылға жуық стадионға кіргізілмегенін, турнир финалының ең маңызды матч екенін ескере отырып, жанкүйерлердің футболды стадионда тамашалауы үшін осындай шешім қабылданғанын айтты.

Осылайша жылдың басты жүлдесін сарапқа салатын «Манчестер Сити» мен «Челси» арасындағы матчты жанкүйерлер стадионнан тамашалай алады. Талап бойынша әр клубтың 6 мың жанкүйеріне рұқсат беріледі. Әрине, карантин талаптары қатаң сақталады. Сондай-ақ жанкүйерлердің ойынға кіру-кірмеуін UEFA мен Португалия билігі әлі де талқылайды. Билеттердің сатылымы 24 мамырда шығады деп күтілуде. Ал финал 29 мамыр күні өтеді. Ойынға испан төрешісі Антонио Матеу Лаос төрелік етеді.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Қазалы ауданында Ғани Мұратбаев атындағы республикалық сыйлықтың иегері қармақшылық Әзиз Дүкенбай Қазан мемлекеттік аграрлы университетінде (Татарстан Республикасы) магистратура бөлімін, «Агроинженерия ауылшаруашылығын механикаландыру" мамандығы бойынша бітірген. Қармақшы аграрлы-техникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері. Әзиз республикалық, облыстық дебат турнирлерінде әділ төрелігі үшін «Үздік төрешісі» номинациясын иеленген.

Әзиздің жиһаз әлемі

Бір ғана салада емес, жан-жақты бәсекеде танылған белсенді жас кәсіпкерліктен де айналысуда. Шыны керек, бір жұмыстың өзін игере алмай жүрген жастарға Әзиз үлгі боларлықтай жан. "Жігіттке жеті өнер де аз". Иә бұл сөз құдды біздің кейіпкеріміз арналғандай. Әзиздің аты аталғанда бірі "белсенді жас" деп таныса, екіншісі "кәсіпкер", енді бірі "ұстаз" деп жауап береді.

Алғашқы жұмысы көңілінен шыққан шебер ғаламтор арқылы кәсібін дөңгелетеді. Алдымен өз ойындағыдай жұмыс үстелін жасап, ғаламторға жүктейді. Жарнама арқылы шебердің жұмысына қызығушылық танытатындар көбейеді. Тапсырыс үсті-үстіне түсе бастайды. Жұмыстан тыс уақытта, кешкісін келіп түскен тапсырысты жасайды. Сөйтіп, сапалы әрі қолжетімді бағада жиһаз жасауды қолға алады.

Қазір кейіпкеріміз тұрғындарды үйге қажетті жиһаздармен қамтамасыз етуде. Шебердің қолынан шыққан жиһаз облыстың барлық өңіріне жеткізілуде. "Сұраныс көбейген соң кәсіпті бастадым. Уақытты тиімді пайдаланып келемін. Егер "үйренемін" деген жас болса, үйретуге дайынмын. Бастысы, ынтасы болса болды", – дейді жас кәсіпкер. Әкесінен берілген талант Әзиздің кәсіпкер ретінде таныттты. Әкеден дарыған бұл қабілет шеберді цех ашуға жетеледі. "Ұсталық әулетімізде бар. Әкем – Дүкенбай ұста болған. Ағам да ұсталықпен айналысады. Менің де бойымда ұсталық қасиет бар екен. Балалық шақтан бері өзіме ұнаған заттарды ағаштан жасап келемін. Бұл қызығушылықтан туындады. Енді қызығушылығымды кәсіпке айналдырдым. Болашақта кәсіпті дамытып, үлкен цех ашып, бірнеше адамды жұмыспен қамтығым келеді. Құрылыс дүкенін ашу, кәсіпкер болуды жоспарлап жүрмін. Алла қаласа, бұл жоспарым да жүзеге асар. Үлкен тапсырыс алатындай деңгейге жеткім келеді", – дейді шебер. Иә бүгінде кәсіпкер атану оңай емес. Тапсырыс қабылдау, тапсырысты уақытылы жеткізу, тұтынушы көңілінен шығу мұның бәрі кәсіпкерді әбігерге түсіреді. Десе де Әзиз қиындыққа мойынсұнған емес.

ТРЕНДТІ ТАЛҒАМЫҢА ЫҢҒАЙЛА

Сән әлемінде жыл сайын тренд киімдер шығады. Олар бір-екі маусым ғана трендте болуы мүмкін. Ал кейбіреуі көпшілікке ұнап, бірнеше жыл сәннен шықпайды. 2021 жылы сәнге айналатын киімдер туралы ақпаратты ұсынамыз. Бірақ сәнге ілесемін деп, жеке талғамыңызды ұмытпаған жөн.

1. Алқызыл, қызғылт түсті киімдер. Осы маусымда көптеген дизайнердің топтамасында осы түс болады. Нақ алқызыл, қызғылт түс болмаса да, ашық және қою рең болуы міндетті. Кішкентай қыздар ғана емес, бойжеткендер, қыз-келіншектер де осы түсті ұнатса, гардеробына қосып қойса болады. Тұтастай қызғылт түсті немесе ақцент ретінде қызғылт түсті аксессуар (сәмке, шарф, баскиім, аяқкиім, белдік т.б) қолдануға болады.

2. Шынжыр бүйімдар. Мұндай бүйімды әшекей ретінде тағуға немесе шынжыры бар сәмке, киімдер қолдануға болады. Суретте шынжыр бүйімды кешкі көйлектен үйлестіру үлгісі көрсетілген. Көп қыздарға шынжыр дерекі бүйым бол көрінуі мүмкін, бірақ үйлестіре алсаңыз, нәзіктік символына айналдыруға болады. Күнделікті өмірде киюге болатын шынжыр үлгілерін кез келген дүкеннен таба аласыз.

3. Трикотаж киімдер. Мұндай киімдер тек жылы маусымда емес, жазда да сәнде болады. Жұқа трикотаж түрінен тігілген поло, көйлек, шолақ шалбар биып сәнді киімдер қатарында.

4. Былғары. Биыл да теріден жасалған киімдер трендте болады. Жалпы мұндай киімдер ешқашан сәннен шықпайды. Гардеробыңызда әртүрлі түстегі ұзынша жакет, трапеция юбка, белі жоғары шалбар, көйлек пен сарафан болса, биыл сәннен қалмайтын адамсыз.

5. Кроше техникасы. Мұндай киімдер нәзік дизайнымен танымал. Кроше техникасындағы жылы кардиган, жеңіл романтикалық үлгідегі көйлектер киселіз болады. Қолдан жасалған үлгілері де биыл ерекше сұранысқа ие болады.

6. Шақпақ, тор сызықты киімдер (клетка). Мұндай принттегі киімдер ешқашан сәннен шықпайды деуге болады. Бір түсті киімнен жалықсаңыз, шақпақ пен өзге де принті бар киімдерді байқап көріңіз. Жакет, юбка, шалбар, сырт киім, аяқкиім, сәмке, баскиім мен шарфта да шақпақ принт болуы мүмкін.

7. Ашық түсті киімдер (color block). 2021 жыл сәнқой аруларға түстердің түрлі бояуын ұсынады. Ашық, қанық түстегі киімдерді суретте көрсетілгендей киюге болады. Дизайнерлер бір түсті киімдерді өшекейсіз киген үйлесімді көрінетінін айтады.

8. Костюмдер. Бұрын шалбарлы костюм тек ер адамдарға тән сияқты көрінетін. Бірақ сән әлемі бұл пікірге қарсы. Биыл денеде бос тұратын шалбарлы костюм сәнде. Шалбары мен костюмін басқа киімдермен үйлестіріп киюге де болатынын ұмытпаңыз.

9. Жеңі көлемді киімдер. Романтикалық стильде киінгенді ұнататын арулар үшін таптырмас тренд. Мұндай жеңді киімдер иық өлшемі кішірек мүсінді жақсы түзетеді.

10. Аяқкиім. Сәнқой арудың гардеробында бір емес, бірнеше аяқкиім болуы керек. Қалың табанды, казак үлгідегі етік, кең қонышты етік, лофер, платформа кроссовка, өкшесі ерекше үлгідегі немесе түрлі түсті туфли 2021 жылы сәнге айналады.

Бұл трендтер ұзақ мерзімге немесе қысқа уақытқа ғана сән әлеміне келуі мүмкін. Сондықтан бәрін бірден сатып алудың және барлығын бір уақытта киюге тырысудың қажеті жоқ. Трендтегі киім үлгісін таңдағанда терінің түсіне, бой ұзындығы мен мүсінге де мән беру керек.

Ұнатқан трендтерді өуелі дүкенге барып, киіп көріңіз. Себебі сән көрсетілімінделгі киімдердің дизайны жергілікті дүкендерге жеткенше түрлі өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Сән әлемінен қажет ақпарат алып, жаңалықтардан хабардар болып отыру үшін әлеуметтік желіде стилист мамандардың парақшасы мен кеңесін оқып, бақылап жүру керек. Өмірдің басты мақсаты өз орнында табу болса, сән әлемінің басты мақсаты – сізге лайық киім үлгісін табу.

P.S. *Сократ айтқандай, «Нашар талғам – дәстүрдің құлдырауының белгісі. Киім кигенде сәнді болыңыз, бірақ сәнқой болмаңыз. Себебі сәнді болу – әдептілік, сәнқой болу – нысапсыздық».*

ФРИЛАНСЕР БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

Фрилансер – өзіне жұмыс істейтін еркін маман. Ол тапсырыстарды өзі іздестіріп, ыңғайлы жұмыс кестесін дайындайды. Фрилансерлер бір уақытта бірнеше тапсырысты қатар орындауы мүмкін. Дегенмен бұл салада да жетістікке жету үшін білім мен тәжірибе қажет.

Ана Мавричева, «Танымалдылық коды 2020. Digital дәуірінде жеке брендті дамыту» (Код публичности 2020. Развитие личного бренда в эпоху Digital)

Кітаптың алғашқы басылымы 2020 жылдың жеке брендті дамытуға арналған трендтері баяндайды. Екінші басылымы толықтырылып, қайта жарық көрді. Кітап авторы Ана Мавричева – жеке бренд бойынша маман, сарапшы. Кітабында әлеуметтік желіде даму жолдары, атақ және танымалдылықпен жұмыс істеу, түрлі шеберлік сабақтарында спикер болудың әдістері секілді мәселелерді қарастырады. Сонымен қатар кез келген салада өзін таныткысы келетін жандарға арнап маркетингтік әдістер мен алгоритмдерді, дайын жұмыс жоспарын оқырман назарына ұсынады.

Дональд Рос, Бұл кітапты оқыма: Шығармашыл адамдарға арналған тайм-менеджмент (Don't Read This Book: Time Management for Creative People)

Егер шығармашылық адамы болып, өзіңізге жұмыс істесеңіз, барлығына қалай үлгеруге болады? Мұнда классикалық тайм-менеджмент көмектесе ме? Дизайнер Дональд Рос уақытты тиімді пайдаланудың ерекше әдісін жасап шыққан. Ол істеу керек жұмыстардың тізімін дайындайды. Сонымен қатар басымдықтарды дұрыс қоюды үйретеді. Кітапта өзінің ерекше әдісін толық сипаттайды.

Бұл – шығармашыл адамдарға арналған таптырмас нұсқаулық. Фрилансерге қажетті әдеттерді айтады. Жұмысты күйзеліссіз және жылдам орындауға көмектесетін құпиялармен бөліседі.

Джейсон Фрайд, Дэвид Хенссон, «Қашықтан. Кеңсенің қажеті жоқ» (Remote. Office Not Required)

Кітап авторлары – белгілі кәсіпкерлер, «37signals» жобасының негізін салушылар. Олар XXI ғасырда кеңседен бас тартуға болатынын дәлелдейді. Қашықтан атқарылатын жұмысты жұмысшы және жұмыс беруші тарапынан қарастырады. Жұмыс барысын ұйымдастырудың маңызын сипаттап, ғылыми және практикалық мысалдар келтіреді.

Анна Бонецкая, «Фриланс: Тәуекел ету және қалу» (Фриланс: Рискнуть и остаться)

Фриланс әлеміне аяқ басу – оңай шешімнің бірі емес. Біз тұрақты және белгіленген жалақыға үйреніп қалғанбыз. Бұл үшін жеке өмірімізі бен бос уақытымызды да арнаймыз. SMM курстарының авторы Анна Бонецкая кеңседегі жұмыстан бас тартып, жеке фрилансты ұйымдастыруды үйретеді. Кітаптан портфолионы жасауға арналған кеңестер мен клиент табудағы қиындықтар жайлы біле аласыз.

JULDYZ – JORAMAL

(20 - 26 мамыр)

ТОҚТЫ
Апта тынымсыз болады. Өзіңізді шегі жоқ тауға саяхаттағандай сезінесіз. Бірнеше саладағы әртүрлі мәселені қатар шешуге мәжбүр боласыз. Ең қиыны, сонын бәрі бір уақытқа сайкес келеді. Бірақ берілмей, істі соныма дейін жеткізесіңіз, апта сыйлықсыз қалдырмайды.

ТОРПАҚ
Жинақылық, жауапкершілік сізге серік болады. Бірақ кеңіл кетеруді жақсы көретін жандар өзін көп нәрседен ғыяды. Есесіне, еңбегінің жемісін апта аяғында көреді. Одан бөлек, бастаған ісі оны бірнеше ай бойына қажымен қамтамасыз етеді.

ЕГІЗДЕР
Өткен аптада бар назарыңызды жұмысыңызға бөліп, қарым-қатынасқа келгенде тұйықталып қалдыңыз. Енді уақытыңызды достарыңыз бен отбасыңызға арнаңыз. Жұлдыздар көп қажы шығармауға кеңес береді. Бірақ кез келген адамға ашыла бермеген жөн.

ШАЯН
Мақсат қоя білетіндігіңіз бен кез келген істі тез меңгеретініңіз беделіңізді арттырады. Апта бойына барлық істі аяқтауға уақыт жеткіліксіз көрінеді. Бірақ уайымдаудың қажеті жоқ. Өткені бұл апта сіздің жағыңызда. Олардың барлық сала бойынша жолы болады.

АРЫСТАН
Апта сәтті болады: өмірініз жаңа таныстармен толығады, өмір жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Керемет эмоциялар сыйлайды. Сіз қатты ғашық болуыңыз мүмкін. Бұл ғашықтық өз міндеттеріңізді де ұмыттырады. Дер кезінде өзіңізді қолға алмасаңыз, қиындыққа тап болуыңыз өбден мүмкін.

БИКЕШ
Жұлдыздар ойыңызды жинақтап, асықпай шешім қабылдап үйренуге кеңес береді. Егер шынайы мүмкіндіктерді дер кезінде аңғармасаңыз, апта сіз үшін қиын болуы мүмкін. Стиліңіз бен имиджіңіз өзгереді. Жұмыс өзгертіп, бөтен аймаққа көшіп кетуіңіз де ғажап емес. Шешім қабылдамай, ұзақ жүріп алудан сақ болғаныңыз абзал. Өйткені бұл күйзеліске бастайды.

ТАРАЗЫ
Өмірдің әр сәтінен ләззат алып үйренініз. Асықпай жоспар құрып, әр кезеңнен кезеңге салмақты түрде адымдаңыз. Аналитикалық ойлау қабілетіңіз бен ішкі түйсігіңіз ешқашан алдамай, дұрыс жол сілтейді. Жақын жандардың қасында болғаныңыз дұрыс.

САРЫШАЯН
Түрлі сынақ күтеді. Кез келген істі тек ойланып қолға алған дұрыс. Асығыс шешім шығынға алып келеді. Бірақ бұл тоқтап қалу деген белгі емес. Керісінше алға жылжыған сайын жолыңыз анығырақ болады. Жақындарыңызға көңіл бөлуді ұмытпаған жөн. Қажетті энергияны айналаңыздағы адамдар ғана береді.

МЕРГЕН
Жоспар сіз ойлағандай жылдам іске асатынына өбден үйренгенсіз. Бірақ кепер аптада кішкене кідіруге тура келеді. Қалыпты жағдайдан ауытқитын сәттер жиі кездеседі. Апта өз тәжірибеңізді қолдануға, өз-өзіңізді танытуға мүмкіндік береді.

ТАУЕШКІ
Апта басталған сәттеннақ сатқындық пен алдаудың құрбаны боласыз. Бірақ сіз оңайлықпен берілмейсіз. Алдағы апта сізге жаңа тәжірибелер алып келеді. Тың нәрсемен танысу үшін жаңа білім көзін іздеуге тура келеді.

СУҚҚЫҒЫШ
Алдағы апта сіз үшін түрлі сынақтарға толы. Әріптестермен арада түсініспеушілік және қаржы қиындықтары туындайды. Бірақ ашық-жарқын жандар бұдан бір жолын тауып шығады. Кез келген қиын ойындарынан аулақ болғаны жөн. Өйткені олардың дер кезінде тоқтауы өте қиын.

БАЛЫҚ
Кейінге шегеріп жүрген істерді жүзеге асыратын уақыт келді. Ең күшті энергия көзі сіздің ойыңызбен бірге болады. Сондықтан әр қадамды сенімді түрде басқан абзал.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің тұпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басна үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastarygmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 720